ҚАЗАҚСТАНДА ІС ҚАҒАЗДАРЫН ЖҮРГІЗУ

ДЕЛОПРОИЗВОДСТВО В КАЗАХСТАНЕ

ISSN 1996-2029

№ 2 (182) 2022

www.kadry.mcfr.kz

- ҰЙЫМНЫҢ ШЫҒЫС ҚҰЖАТТАРЫ: 2022 ЖЫЛЫ ДАЙЫНДАУДЫҢ БЕС БАСТЫ КЕЗЕҢІ
- ҚОСА АТҚАРЫЛАТЫН ЖҰМЫС ЖӘНЕ ЛАУАЗЫМДАРДЫ ҚОСА АТҚАРУ: РЕСІМДЕУ КЕЗДЕГІ АЙЫРМАШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ҚҰЖАТТАРДЫҢ ДАЙЫН ҮЛГІЛЕРІ
- БЮДЖЕТТІК ЭЛЕКТРОНДЫҚ АРХИВ ӨЗ КҮШІМІЗБЕН: АРТЫҚ ШЫҒЫНСЫЗ ЖАСАЙМЫЗ
- ИСХОДЯЩИЕ ДОКУМЕНТЫ ОРГАНИЗАЦИИ: ПЯТЬ ГЛАВНЫХ ЭТАПОВ ПОДГОТОВКИ В 2022 ГОДУ
- РАБОТА ПО СОВМЕСТИТЕЛЬСТВУ И СОВМЕЩЕНИЕ ДОЛЖНОСТЕЙ: В ЧЁМ РАЗНИЦА В ОФОРМЛЕНИИ И ГОТОВЫЕ ОБРАЗЦЫ ДОКУМЕНТОВ
- БЮДЖЕТНЫЙ ЭЛЕКТРОННЫЙ АРХИВ СВОИМИ СИЛАМИ: СОЗДАЁМ БЕЗ ЛИШНИХ ЗАТРАТ

Электронная система «ACTUALIS: Кадровое дело»

Получите демо-доступ БЕСПЛАТНО на сайте vip-kadry.mcfr.kz

НОВОЕ в электронной системе:

- **Как прописать сменную работу в трудовом договоре?**

ISSN 1996-2029

МЦФЭР-Казахстан

ДЕМО-ДОСТУП
БЕСПЛАТНО
на 3 дня

Получите годовой доступ
к справочной системе

«ACTUALIS: Кадровое дело»

тариф VIP

по специальной цене

переходи через QR-код

Период действия акции:
с 1 по 28 февраля 2022 года
https://vip-kadry.mcfr.kz/about/

Собственник: ТОО «МЦФЭР–Казахстан»
Генеральный директор – Т. С. Бектурсынова

ТОО «МЦФЭР–Казахстан»

Редакция тематического направления «ОХРАНА ТРУДА, КАДРЫ И ДЕЛОПРОИЗВОДСТВО»

Руководитель тематического направления – С. Е. Сергеенко
head.kadry@mcfr.kz
Главный редактор журнала – Ж. Р. Цой
kadry-otk2@mcfr.kz
тел.: +7 (727) 323-62-29 (вн. 116)
Редактор по работе с авторами – И. В. Пильгук
Литературный редактор-переводчик текстов на казахский язык – К. О. Исламова
Руководитель отдела допечатной подготовки – А. Х. Дербесова
Дизайнер-верстальщик – М. Д. Ниязбаева

Адрес редакции: 050009, г. Алматы, ул. Шевченко, уг. ул. Радостовца, 165б/72г, офис 712
тел.: +7 (727) 323-62-29 (вн. 116)
Отдел маркетинга
Бренд-менеджер – С. М. Талгатов,
bm2@mcfr.kz
тел. +7 (727) 323-62-29 (вн. 134)

Отдел адресной подписки и сбыта
тел./факс: +7 (727) 323-62-12, 323-62-13
e-mail: sbyt@mcfr.kz, info@mcfr.kz
Менеджер по работе с клиентами – Д. А. Тойчибеков
sb1@mcfr.kz
тел.: +7 (727) 323-62-12, 323-62-13 (вн. 127)
Менеджер по работе с клиентами – Г. Е. Жантикеева
support@mcfr.kz
тел.: +7 (727) 323-62-12, 323-62-13 (вн. 130)

Подписку можно оформить:
- по online-заявке – www.kadry.mcfr.kz
- в редакции, в отделе адресной подписки
- по каталогам (подписной индекс – **75385**)
  – «Казпочта»: почтовые отделения
  – «Евразия-пресс»: тел. +7 (727) 382-34-87
  – «Эврика-пресс»: тел. +7 (727) 375-12-65

Свидетельство о постановке на учёт периодического печатного издания и информационного агентства № 15567-Ж от 18.09.2015 выдано Министерством по инвестициям и развитию Республики Казахстан. Комитет связи, информатизации и информации.
Мнение редакции может не совпадать с мнением авторов.
Перепечатка материалов, опубликованных в журнале, допускается только с письменного согласия редакции.
Представленные тексты нормативных правовых актов идентичны официально опубликованным версиям.
Редакция не несёт ответственности за содержание рекламных материалов.
PR-материал публикуется на правах рекламы.
Претензии по опубликованной рекламе принимаются в течение 10 календарных дней со дня выхода номера.
Подписано в печать 31.01.2022.
Формат 84×108$^{1}/_{16}$. Тираж 5 000 экз.
Печать офсетная. Бумага офсетная.
Заказ №____ Цена договорная.
ТОО «МЦФЭР–Казахстан». Юридический адрес: 050009, г. Алматы, ул. Шевченко, уг. ул. Радостовца, 165б/72г, офис 712.
Отпечатано в соответствии с предоставленными материалами в типографии ТОО РПИК «Дәуір», 050009, г. Алматы, пр. Гагарина, 93а,
e-mail: zakaz@dauir.kz

© ТОО «МЦФЭР–Казахстан», 2022

ҚАЗАҚСТАНДА ІС ҚАҒАЗДАРЫН ЖҮРГІЗУ

№ 2 (182) 2022

ДЕЛОПРОИЗВОДСТВО В КАЗАХСТАНЕ

Издаётся с января 2007 года
Периодичность – 1 раз в месяц

Құрметті оқырмандар!

Басшы құжатқа қол қойған сәтте, сондай-ақ хат адресатқа жеткенде, қиындықтарды болдырмау үшін хатшы шығыс хатты тексеріп, келісуі керек. Ақпан айындағы шығарылымда біз шығыс құжатты дайындаудың бес кезеңін талдаймыз – компанияның шығыс құжаттарымен жұмыс істеу кезінде өткізіп алуға болмайтын жобалаудан жөнелтуге дейін. Сонымен бірге интерактивті онлайн чат-бот ретінде ұсынылған ***мини-курстан*** *өтіп, шығыс құжаттарын жөнелтуге қалай дайындайтыныңызды тексеріңіз және* ***«Ұйымның шығыс құжаттары: 2022 жылы дайындаудың бес басты кезеңі»*** *мақаласынан алған дағдыларыңызды бекітіңіз.*

Сондай-ақ журналымыздың жаңа санында ***қоса атқарылатын жұмыс пен лауазымдарды қоса атқаруды талдай отырып, құжаттарды ресімдеу кездегі айырмашылықты*** *білесіздер. Сонымен қатар бұл жерде құжаттардың дайын үлгілерін жүктеп алуға болады.*

Іс жүзінде әрбір екінші жұмыс берушінің ұйымға жаңадан келгендерді бейімдеу мәселесіне тап болатыны байқалады. Бұл нөмірде ***әдеттегі сегіз мәселе мен олардың дайын шешімдерін қарастырамыз****.*

Мақалаларға берген бағаларыңыз бен жазған пікірлеріңіз үшін алғысымызды айтамыз. Олар біз үшін өте маңызды!

Сіздерге қолайлы болу үшін журнал баспа және электрондық форматтарда шығады. Журналға ***www.e.delopro.mcfr.kz*** *сайтында жазылуға болады.* ***www.vip-kadry.mcfr.kz*** *сайтында орналасқан «****ACTUALIS: Кадровое дело****» электрондық жүйесінде өзекті және пайдалы ақпаратты көбірек табасыздар.*

Жанна Цой*, бас редактор,*
e-mail: kadry-otk4@mcfr.kz

Уважаемые читатели!

Чтобы не возникло проблем в момент, когда руководитель подписывает документ, а также, когда письмо попадает к адресату, секретарь обязан проверить и согласовать исходящее письмо. В февральском номере разберём пять этапов подготовки исходящего документа – от проектирования до отправки, которые нельзя пропустить в работе с исходящими документами компании. Здесь же пройдите ***мини-курс*** *в виде интерактивного онлайн чат-бота, проверьте, как вы оформляете исходящие документы в организации, и закрепите навыки, полученные из статьи:* ***Исходящие документы организации: пять главных этапов подготовки в 2022 году****.*

Также в свежем номере из анализа работы по совместительству и совмещения должностей ***поймёте****,* ***в чём разница в оформлении документов****. Здесь же можно скачать готовые образцы документов.*

Как показала практика, каждый второй работодатель сталкивается с проблемой адаптации новичков в организации. В этом номере рассмотрим ***восемь типичных проблем и дадим к ним готовые решения****.*

Спасибо вам за оценки и комментарии к статьям. Для нас они очень важны!

Для вашего удобства журнал выходит в печатном и электронном форматах. Оформить подписку на них можно на сайте ***www.e.delopro.mcfr.kz****. В электронной системе «ACTUALIS: Кадровое дело», доступной на сайте* ***www.vip-kadry.mcfr.kz****, размещено ещё больше актуальной и полезной информации.*

Жанна Цой*, главный редактор,*
e-mail: kadry-otk4@mcfr.kz

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Ә. Н. Нысанбаев
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің Философия, саясаттану және діntану институтының академик-хатшысы, Қазақстан Республикасы ҰҒА-ның академигі, философия ғылымдарының докторы, профессор

В. П. Стремский
Мемлекеттік және жергілікті басқару институтының бірінші вице-ректоры, тарих ғылымдарының кандидаты, профессор

Т. Н. Тойбаев
Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі «Орталық мемлекеттік кинофотоқұжаттар және дыбыстық жазба архиві» республикалық мемлекеттік мекемесінің директоры

З. Б. Агибетов
Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Алматы облысы бойынша департаменті басшысы

Р. С. Шимашева
Алматы қаласы әкімдігінің Тілдерді дамыту, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы

РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ

А. Н. Нысанбаев
академик-секретарь Института философии, политологии и религиоведения Комитета науки Министерства образования и науки Республики Казахстан, академик НАН Республики Казахстан, доктор философских наук, профессор

В. П. Стремский
первый вице-ректор Института государственного и местного управления, кандидат исторических наук, профессор

Т. Н. Тойбаев
директор Республиканского государственного учреждения «Центральный государственный архив кинофотодокументов и звукозаписей» Министерства культуры и спорта Республики Казахстан

З. Б. Агибетов
руководитель Департамента Комитета труда, социальной защиты и миграции Министерства труда и социальной защиты населения Республики Казахстан по Алматинской области

Р. С. Шимашева
руководитель управления по развитию языков, архивов и документации акимата г. Алматы

ЖҰМЫСКЕРДІҢ МАТЕРИАЛДЫҚ КӨМЕК БЕРУ ТУРАЛЫ ӨТІНІШІ

«Барыс» ЖШС бас директоры
Сергеев Борис Васильевичке
Технология бөлімінің бас инженері
Абдрахманов Серік Ибрагимовичтен

ӨТІНІШ

Сырқатымнан кейін сауықтыру демалысына бару үшін материалдық көмек көрсетуіңізді сұраймын. Медициналық ұйым 200 000 теңге тұратын демалыс ұсынды.

Ауру тарихынан үзінді көшірмені және емдеуші дәрігердің оңалту жөніндегі ұсынымдарын қоса беремін.

10.02.2022 С. Абдрахманов

ЗАЯВЛЕНИЕ РАБОТНИКА
О ПРЕДОСТАВЛЕНИИ МАТЕРИАЛЬНОЙ ПОМОЩИ

Генеральному директору
ТОО «Барыс»
Сергееву Борису Васильевичу
от старшего инженера
технологического отдела
Абдрахманова Серика Ибрагимовича

ЗАЯВЛЕНИЕ

Прошу Вас предоставить мне материальную помощь для оздоровительного отдыха после перенесённой болезни. Лечебной организацией рекомендован отдых, который стоит 200 000 тенге.

Выписку из истории болезни и рекомендации по реабилитации от лечащего врача прилагаю.

10.02.2022 С. Абдрахманов

Келесі нөмірден оқитындарыңыз:

- Қағаз түріндегі немесе электрондық құжат айналымы: ұйым үшін артықшылықтары мен кемшіліктері
- Құжаттардағы жалған қолтаңба: одан қорғанудың бес әдісі
- Бітімгершілік және делдалдық келісімдер: айырмашылығы неде

Шартты белгілер



ХАТШЫҒА АРНАЛҒАН ПРАКТИКУМ

Н. Григорьева

Ұйымның шығыс құжаттары: 2022 жылы дайындаудың негізгі бес кезеңі 8

ІС ҚАҒАЗДАРЫН ЖҮРГІЗУ ЖАТТЫҒУЛАРЫ

Ш. Әбдіғалиқызы

Қоса атқарылатын жұмыс және лауазымдарды қоса атқару: ресімдеу кездегі айырмашылық және құжаттардың дайын үлгілері 12

А. Адельгужин

Ұйымдағы басқару құжаттары: дәстүрлі тасымалдағышта қалай құру және ескеру керек 21

ҚҰЖАТ РЕСІМДЕЙМІЗ

А. Адельгужин

Ақпан айының құжаты: тіркеу-бақылау карточкасының нысанын жасаймыз 29

АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Н. Артонкина

Бюджеттік электрондық архив өз күшімізбен: артық шығынсыз жасаймыз 33

ПЕНСОНАЛДЫ ТАҢДАУ ЖӘНЕ БЕЙІМДЕУ

Жаңадан келген жұмыскерлерді бейімдеу: әдеттегі сегіз мәселе және олардың дайын шешімдері 37

КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК МЕКТЕБІ

«Жұмыскерге сөгіс жариялау туралы бұйрық жасаймыз» кейсі 45

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ПРАКТИКУМ

А. Верещагина

Мазасыздықты қалай азайтуға болады: психологтың алты тексерілген кеңесі 47

КӘСІБИ СЕРГІТУ СӘТІ

А. Верещагина

Мазасыздық жағдайында өзін-өзі диагностикалауға арналған тест 50

Читайте в следующем номере:

- Бумажный или электронный документооборот: преимущества и недостатки для организации
- Фальшивая подпись в документах: пять способов защиты от подделки
- Мировое и медиативное соглашения: в чём разница

Условные обозначения



ПРАКТИКУМ ДЛЯ СЕКРЕТАРЯ

Н. Григорьева
Исходящие документы организации: пять главных этапов подготовки в 2022 году 52

ПРАКТИКУМ ПО ДЕЛОПРОИЗВОДСТВУ

Ш. Әбдіғалиқызы
Работа по совместительству и совмещение должностей: в чём разница в оформлении и готовые образцы документов 56

А. Адельгужин
Управленческие документы в организации: как создавать и учитывать на традиционных носителях 65

СОСТАВЛЯЕМ ДОКУМЕНТ

А. Адельгужин
Документ февраля: составляем форму регистрационно-контрольной карточки 73

ИНФОРМАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ

Н. Артонкина
Бюджетный электронный архив своими силами: создаём без лишних затрат 77

ПОДБОР И АДАПТАЦИЯ

Адаптация новых работников: восемь типичных проблем и готовые решения к ним 81

ШКОЛА ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО РОСТА

Кейс «Составляем приказ об объявлении выговора работнику» 89

ПСИХОЛОГИЧЕСКИЙ ПРАКТИКУМ

А. Верещагина
Как снизить уровень тревожности: шесть проверенных советов психолога 91

ПРОФЕССИОНАЛЬНАЯ РАЗМИНКА

А. Верещагина
Тест для самодиагностики тревожных состояний 94

ҚОЛДАНЫЛАТЫН НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕР ҚЫСҚАРТУЛАРЫНЫҢ ТІЗІМІ

ҚР ЕК – Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Еңбек кодексінің (*2021.30.12 берілген өзгерістермен және толықтырулармен*)

ҚР АПК – Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V Азаматтық процестік кодексі (*2022.10.01 берілген өзгерістермен және толықтырулармен*)

СПИСОК СОКРАЩЕНИЙ, ИСПОЛЬЗУЕМЫХ НОРМАТИВНЫХ ПРАВОВЫХ АКТОВ

ТК РК – Трудовой кодекс Республики Казахстан от 23 ноября 2015 года № 414-V (*с изменениями и дополнениями по состоянию на 30.12.2021*)

ГПК РК – Кодекс Республики Казахстан от 31 октября 2015 года № 377-V «Гражданский процессуальный кодекс Республики Казахстан» (*с изменениями и дополнениями по состоянию на 10.01.2022*)

Н. Григорьева,
тәуелсіз HR-сарапшы,
Алматы қ.

Ұйымның шығыс құжаттары: 2022 жылы дайындаудың негізгі бес кезеңі

> Тәжірибе көрсеткендей, хатшылардың 75% құжат жобасын дайындауға, оны бекітуге және қол қоюға бақылау жүргізбейді. Бірақ хатшы шығыс хатты тексеріп, келісуге міндетті. Осыған байланысты көптеген мәселелер басшы құжатқа қол қойған сәтте ғана емес, хат адресатқа жеткенде де туындайды. Бұл мақалада біз шығыс құжатты дайындаудың бес кезеңін талдаймыз – компанияның шығыс құжаттарымен жұмыс істеу кезінде өткізіп алуға болмайтын жобалаудан жөнелтуге дейін.

Шығыс құжаттар – бұл кәсіпорында қалыптасып, кейін басқа ұйымдарға немесе жеке тұлғаларға жіберілетін іскерлік қағаздар, олардың өтініштеріне жауап. Егер ұйымның филиалдары болса, онда оларға өкімдік құжаттар (нұсқаулар, бұйрықтар, қаулылар), әртүрлі хаттар жіберіледі.

Егер ұйым өзі филиал болса немесе оның үстінде жоғары тұрған ұйымдар болса, ол соларға: хаттарды, е-мейл бойынша хабарламаларды, шолуларды, анықтамаларды, есеп берулерді, баяндау жазбаларын және т. б. жібереді. Шығыс құжаттың жобалаудан жөнелтуге дейінгі жолы негізгі бес кезеңнен тұрады.

1 КЕЗЕҢ

Құжаттың жобасын дайындаймыз. Алдымен құжатты орындаушы жобаны жазады. Содан кейін ол барлық есептеулерді қоса отырып, оны тексереді. Бұл жерде маңызды жайт бар. Кез келген шығыс құжат хат болып табылады. Егер сіз, мысалы, шартты немесе орындалған жұмыстардың актісін жіберуге дайындап жатсаңыз, онда олар ілеспе хатқа қосымша ғана болады. Атап айтқанда, бұл хат шығыс құжат ретінде тіркеліп, есепке алынуы керек.

Бас орындаушы жобаны дайындауға және бағынышты бірлескен орындаушылардың әрекеттеріне басшылық жасайды. Ол осы әрекеттердің реттілігін анықтай отырып, жұмыс нәтижелері туралы есептерді уақтылы ұсынуды талап ете отырып, жиналыстар ұйымдастыруға және бірлескен орындаушылардың әрекеттерін үйлестіруге құқылы. Шығыс құжаттың жобасы не бас орындаушының (автордың) бастамасы бойынша, не сұрау салуға жауап (кіріс құжаты) ретінде жасалады.

Жобаны құру және оны жоба ретінде ресімдеу кезеңінен кейін оны келісу қажет.

2 КЕЗЕҢ

Жобаны келісеміз. Ұйым басшысы құқықтық білімнің барлық қырсырын, бухгалтерлік есеп дағдыларын меңгеруге, Салық кодексін білуге, іскер серіктестердің сенімділігін өз бетінше тексеруге және т. б. міндетті емес. Құжат жобасын жан-жақты талдау үшін ол құзыретті мамандармен келісіледі. Қауіпсіздік қызметі, штаттық заңгерлер, бухгалтерлік есеп, қаржы бөлімі және жобаның мәніне қатысы бар басқа бөлімдер оны мұқият оқып, бекітуі немесе қайта қарауға жіберуі керек.

Шығыс құжаттың жобасын бірінші болып – орындаушының тікелей басшысы, соңында БҚҚ қызметінің қызметкері немесе хатшы оқиды. Жобаға құжатты келісетін лауазымды тұлғалардың ескертулері қоса беріледі. БҚҚ қызметінің жұмыскері немесе хатшы орындаушының оларға барлық қағидаларға сәйкес жасалған: арнайы бланкіде, барлық келісу визалары бар құжат жобасын жіберетінін білуі керек.

3 КЕЗЕҢ

Құжаттың жобасына директор қол қояды. Жобамен танысқаннан кейін басшы оған дереу қол қояды немесе оған түзетулер мен ескертулер енгізіп, оны қайта қарауға қайтарады. Орындаушы құжатты қайта қарап шығып, түзетіп, уәкілетті тұлғалардан барлық мақұлдау визаларын қайта алуы керек. Жоба бірнеше рет қайтарылуы мүмкін, және орындаушы бүкіл келісу рәсімін жаңадан қайталауы керек. Басшы шығыс құжаттың жобасына қол қойған кезде, ол заңды күшке ие болады және ол адресатқа жіберілуі мүмкін.

Құжатты тіркейміз. Бұл кезеңде БҚҚ қызметінің жұмыскері немесе хатшысы шығыс құжатты тіркеу журналына енгізуі қажет (*қосымша*). Құжаттарды бас директор қол қойғаннан кейін ғана тіркеу өте маңызды. Егер ол кенеттен жобаны қайта қарауға жіберсе, ал сіз оны тіркеп қойған болсаңыз, бұл қиындық тудырады – тіркеу журналындағы жазбаны жоюыңыз керек.

Хатты адресатқа жібереміз. Бас директор хатқа қол қойғанда және ол журналға тіркелгенде, оны адресатқа жіберу керек. Жіберілетін хат-хабарларды өңдеу мыналарды қамтиды:

- сұрыптау;
- конверттерге салу;
- мекенжайды көрсету;
- поштаға жіберу.

Бір мекенжайға жіберілетін құжаттарды бір конвертке салуға болады. Қазпошта арқылы ғана немесе арнайы лицензиясы бар жедел пошта компаниялары арқылы жіберу керек. Тек сонда ғана сіз құжаттарыңыздың жеткізілгені туралы заңды түрдегі маңызды растауды ала аласыз.

Шығыс құжаттың бір данасы визалық болып табылады. Ол сізде қалады. Оған қарар жазылады, және ол жіберілген құжаттармен бірдей заңды күшке ие. Егер сіз сканерленген хатты жіберуді тіркесеңіз, оның түпнұсқасы визалық көшірмесі ретінде сізде болады. Бірнеше адресатқа жіберген кезде хаттардың қажетті санын және директордың қолы қойылған визалық данасын дайындайды. Әрине, нотариус куәландырған хаттың көшірмесін қалдыруға болады, бірақ көшірме тек түпнұсқасы болған кезде ғана жарамды. Контрагентпен жанжал туындаған жағдайда ол сізге өз еркімен құжаттың түпнұсқасын ұсынбайды, ал оның көшірмесін сотта даулау оңай. Сондықтан құжатты жібергеннен кейін оның визалық көшірмесін сақтаған дұрыс.

«Адресат» деректемесін ресімдеген кезде келесі нәрсені есте сақтаңыз. Мекенжайдың элементтері және олардың орналасу тәртібі Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2016 жылғы 29 шілдедегі № 65 бұйрығымен бекітілген Пошта байланысының көрсетілетін қызметтерін ұсыну қағидаларының 16-тармағында айқындалады.

Мекенжайды жазу мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) немесе заңды тұлғаның атауы;

2) көшенің (даңғылдың, тұйық көшенің, гүлзардың, алаңның, ықшам ауданның) аты, үй нөмірі, пәтер нөмірі;

3) елді мекеннің атауы (қала, кент, ауыл және село);

4) ауданның атауы;

5) облыстың атауы;

6) елдің атауы (халықаралық жөнелтілімдер үшін);

7) пошта индексі.

Ыңғайлылық пен жеткізу ықтималдығы үшін алушының телефон нөмірін (ұялы немесе қалалық) көрсетіңіз. Пошта қарапайым және тіркелетін әдістермен (яғни тапсырыс бойынша, құны жарияланған, алынғаны

туралы растаумен) жіберіледі. Тіркелетін хаттар қосымшалар тізімімен, хабарламамен, шарт бойынша төлеммен ресімделеді. Пошта қызметтері ақылы. Бұл арнайы мемлекеттік төлем белгілерімен анықталады: маркалар, пошта карточкалар, франкирлеу машиналарымен қойылған бедерлер арқылы және т. б.

Компания жіберетін барлық құжаттар міндетті түрде директор қол қойған күні немесе келесі жұмыс күнінің бірінші жартысында өңделеді және жіберіледі.

Маңызды қорытындылар:

Атқарушылық құжаттарды дайындау және жіберу алгоритмін еске түсірейік:

1. Құжатты орындаушы (автор) құжаттың алғашқы түрін, содан кейін құжат жобасын дайындайды.

2. Құзыретті мамандар құжат жобасын келіседі.

3. Басшы құжат жобасына қол қояды.

4. Хатшы (немесе БҚҚ қызметінің қызметкері) құжатты тіркейді.

5. Хатшы (немесе БҚҚ қызметінің қызметкері) құжатты адресатқа жібереді және құжаттың визалық көшірмесін іске орналастырады.

Қосымша

Шығыс құжаттарын тіркеу журналының үлгісі

Шығыс нөмірі	Тіркеу күні	Алушы фирма	Хаттың тақырыбы	Қосымшалар	Хаттың авторы	Жөнелту әдісі	Ескертпелер
1	2	3	4	5	6	7	8
1	11.02.2022	«Күнкей» ЖШС	Сұрау салуға жауап	5 жылға 1 данада	Кадыров А. А.	Тапсырыс хат	Хатты қайтару: адресат көшіп кеткен
2	14.02.2022	«Тұлпар» АҚ	Шартты бағыттау туралы	2 жылға 2 данада	Жулина Е. В.	Курьер	

Ш. Әбдіғалиқызы,
іскерлік әкімшілік магистрі,
нұсқаушы-тренер, Алматы қ.

Қоса атқарылатын жұмыс және лауазымдарды қоса атқару: ресімдеу кездегі айырмашылық және құжаттардың дайын үлгілері

« Ұқсас дыбысталуына байланысты қоса атқарылатын жұмыс пен лауазымдарды қоса атқаруды жиі шатастырады. Алайда, бұл жұмыс режимдерінің айтарлықтай айырмашылығы бар: бұл әртүрлі еңбек жағдайлары, әртүрлі жалақы және құжаттардың әртүрлі ресімделуі. Құжаттарды ресімдеу кезінде ерекше мұқият болу керек, өйткені олар Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің талаптарына толық сәйкес келуі керек. Өкінішке орай, жұмыс берушілер оларды орындай бермейді. Қоса атқарылатын жұмыс туралы бұйрықты қалай ресімдеуге және еңбек кітапшасына жазбаны қалай енгізуге болады – мақалада түсіндіреміз және дайын үлгілерді береміз. »

Қоса атқарылатын жұмыс істейтін жұмыскердің құжаттары лауазымдарды қоса атқаратын жұмыскердің құжаттарынан басқаша ресімделеді.



Лауазымдарды қоса атқару – жұмыскердің еңбек шартында (лауазымдық нұсқаулықта) көзделген өзінің негізгі жұмысымен қатар басқа бос лауазым бойынша қосымша жұмысты орындауы (ҚР ЕК 111-бабы 2-тармағының 1) тармақшасы).

Қоса атқарылатын жұмыс – жұмыскердің негізгі жұмысынан бос уақытында еңбек шарты жағдайында тұрақты, ақы төленетін басқа жұмысты орындауы (ҚР ЕК 1-бабы 1-тармағының 56) тармақшасы)

Лауазымдарды қоса атқару және қоса атқарылатын жұмыс: үш негізгі айырмашылық

1. Жұмысты қоса атқаратын жұмыскермен оның негізгі лауазымы бойынша еңбек шартына қосымша қоса атқарылатын жұмысы бойынша **дербес еңбек шарты** ресімделеді. Ал лауазымдарды қоса атқаратын жұмыскермен оның негізгі еңбек шартына **қосымша келісім** жасайды. Яғни, жұмысты қоса атқарушы жұмыскердің жеке ісінде екі еңбек шарты болады: мысалы, біреуі – бухгалтерге, екіншісі – экономистке, егер ол негізгі жұмыс орнын атқаратын жерде қоса атқарылатын жұмыс істесе.

2. Жұмысты қоса атқарушы жұмыскер **негізгі жұмыстан бос уақытында** жұмыс істеуі керек. Яғни, жұмысты қоса атқарушы жұмыскер бухгалтер ретінде өзінің негізгі лауазымында сағат 9.00-ден 17.00-ге дейін жұмыс істесе, онда ол негізгі жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін: 17.00-ден 21.00-ге дейін қоса атқарылатын жұмысын істеуі керек. Лауазымдарды қоса атқаратын жұмыскер **негізгі жұмысымен бірге** (бір уақытта) сағат 9.00-ден 17.00-ге дейін бухгалтер де , экономист те болып жұмыс істейді.

3. Жұмысты қоса атқарушы жұмыскердің жалақысы **ставканың мөлшері бойынша** айқындалады. Мысалы, 0,75 ставка, 0,5 ставка, 0,25 ставка үшін. Ал лауазымдарды қоса атқаратын жұмыскерге (мысалы, мемлекеттік жұмыскер) **лауазымдық жалақысына пайызбен қосымша ақы төленеді**.

Қоса атқарушы жұмыскердің жұмыс уақыты: шектеулер бар ма

Қоса атқарылатын жұмыс ішкі және сыртқы болуы мүмкін. **Ішкі қоса атқарылатын жұмыс** жағдайында жұмыскер екі дербес еңбек шарты негізінде бір ұйымда екі лауазымда жұмыс істей алады. Мысалы, сағат 9.00-ден 17.00-ге дейін – бухгалтер, 17.00-ден 21.00-ге дейін – экономист.

Сыртқы қоса атқарылатын жұмыс кезінде жұмыскер негізгі жұмысынан бос уақытта еңбек шартының талаптары бойынша әртүрлі ұйымдарда жұмыс істей алады. Мысалы, сағат 8.00-ден 14.00-ге дейін «Сұңқар» ЖШС-де

0,75 ставка бойынша бухгалтер болып, 15.00-ден 21.00-ге дейін «Алмас» ЖШС-де 0,75 ставкамен бас бухгалтер болып жұмыс істейді.

ҚР ЕК 68-бабының 3-тармағына және 71-бабының 4-тармағына сәйкес жұмыскердің негізгі жұмыс орны бойынша және қоса атқаратын жұмысы бойынша күнделікті жұмыстың жиынтық ұзақтығы 8-сағаттық жұмыс ұзақтығының нормасынан 4 сағаттан артық аспауға тиіс. Яғни жұмысты қоса атқаратын жұмыскер бір тәулікте **кемінде 12 сағат** жұмыс істеуі мүмкін.

Қоса атқарушы жұмыскердің атқаратын лауазымы

Басқа жұмыс берушімен қоса атқарылатын жұмыс туралы еңбек шартын жасасу үшін ҚР ЕК 32-бабының 4-тармағына сәйкес жұмыскер қоса атқаратын жұмыс туралы еңбек шартын басқа жұмыс берушімен жасасу үшін **негізгі жұмыс орны бойынша еңбектің сипаты мен шарттары** (жұмыс орны, лауазымы, еңбек жағдайлары) **туралы анықтама** ұсынады. Анықтама жұмысты қоса атқарушы жұмыскердің жұмыс уақыты көрсетілген еңбек шартының тармағында оның негізгі жұмыс уақытымен сәйкес келмейтін жұмыс уақыты көрсетілуі үшін қажет.

Сондай-ақ, ҚР ЕК 26-бабы 2-тармағының 5) тармақшасына сәйкес медицина жұмыскерлерін қоспағанда, он сегіз жасқа толмаған жұмыскерлерді және ауыр жұмыстарда, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстарда істейтін жұмыскерлерді қоса атқаратын жұмысқа орналастыруға жол берілмейді.

Яғни, сырттай қоса атқарушы жұмыскердің куәлігінде ауыр жұмысқа, зиянды және (немесе) қауіпті еңбек жағдайлары бар жұмыстарға қатысы жоқ лауазымды көрсетуіңіз керек.

Ішкі қоса атқарушы жұмыскер үшін мұндай анықтаманы берудің қажеті жоқ. Кадр маманы оның қызметін және негізгі жұмыс бойынша жұмыс уақытын біледі.

Яғни, қоса атқарылатын жұмысқа (ішкі және сыртқы) қабылдаудың негізі еңбек шарты болып табылады. Онда ҚР ЕК 28-бабында көрсетілген барлық ережелерді көрсетуі керек (еңбек шартының мазмұны) (*1-қосымша*).

Еңбек кітапшасындағы қоса атқарылатын жұмыс туралы жазба

Егер жұмыскер өзінің негізгі жұмысы бойынша және қоса атқарылатын жұмыс бойынша бір лауазымда жұмыс істейтін болса, еңбек кітапшасына қоса атқарылатын жұмыс туралы жазбаны жазудың қажеті жоқ. Еңбек кітапшасына қоса атқарылатын жұмыс туралы жазба жұмыскер негізгі жұмысында қоса атқарылатын жұмысқа қарағанда, басқа лауазымда жұмыс істесе (мысалы, бас маман және диспетчер) жазылады.

Мұндай жазба әдетте жұмыскердің өтініші бойынша ғана жазылады (*2-қосымша*).

1-қосымша

Ішкі қоса атқарылатын жұмыс туралы бұйрықтың үлгісі

Ұйымның ресми атауы (қазақ тілінде)

Эмблема, логотип, тауар белгісі (қызмет көрсету белгісі)

Ұйымның ресми атауы (орыс тілінде)

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2022 жылғы 02 ақпан
Ақтау қаласы

№ 11-ж/қ
город Актау

А. Қошқарбайқызына қоса атқаратын жұмысты жүктеу туралы

2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 1-бабы 1-тармағының 56) тармақшасына және 68-бабының 3-тармағына сәйкес, сондай-ақ өндірістік қажеттілікті орындау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН**:

2022 жылғы 03 ақпаннан бастап Анар Қошқарбайқызына 1,0 штат бірлігі мөлшерінде дене шынықтыру нұсқаушысы міндеті қоса атқару жұмысы ретінде жүктелсін.

Негіздеме: 2022 жылғы 02 ақпандағы № 35 еңбек шарты.

Директор қолы **А. Дариябаева**

М. О.

Бұйрықпен таныстым қолы А. Қошқарбайқызы
2022 жылғы 03 ақпан

2-қосымша

Ішкі қоса атқарушылық кезінде
еңбек кітапшасына жазба енгізу үлгісі

Жұмысы туралы мәліметтер Сведения о работе					
№	**Күні**			**Жұмысқа қабылдау туралы, басқа жұмысқа ауыстыру туралы (лауазымы көрсетіліп), жұмыстан шығару туралы (себептері және заңның бабына, тармағына сілтемелерді көрсетіп) мәліметтер** Сведения о приёме на работу, о переводах на другую работу (с указанием должности) и увольнении (с указанием причины и ссылки на статью закона)	**Жазу ненің (құжат, оның күні мен нөмірі) негізінде енгізілді** На основании чего внесена запись (документ, его дата и номер)
	күні число	**айы месяц**	**жылы год**		
1	**2**			**3**	**4**
				«Казтранс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	
				Товарищество с ограниченной ответственностью «Казтранс»	
16	12	08	2020	Көлік бөліміне бас маман лауазымына қабылданды	2020 жылғы 12 тамыздағы № 27-ж/қ бұйрық
				Принят в транспортный отдел на должность главного специалиста	Приказ от 12 августа 2020 года № 27-л/с
17	15	04	2021	Көлік бөліміне диспетчер лауазымына жұмысты қоса атқарушы ретінде қабылданды	2021 жылғы 15 сәуірдегі № 12-ж/қ бұйрығы
				Принят в транспортный отдел на должность диспетчера по совместительству	Приказ от 15 апреля 2021 года № 12-л/с

Ішкі қоса атқарылатын жұмыс туралы жазбаны жасау

Егер қоса атқарылатын жұмыс істейтін сыртқы жұмыскерлер еңбек кітапшасына қоса атқарылатын жұмыс туралы жазба жасағысы келсе, онда негізгі жұмыстағы кадр мамандары мұндай жазбаны оның еңбек кітапшасына енгізе алады (*3-қосымша*).

Ол үшін жұмыскер қоса атқарылатын жұмысы бойынша жазбаны еңбек кітапшасына енгізу туралы өтініш жазып, оған басқа кәсіпорыннан қоса атқарылатын жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтың расталған көшірмесін қоса беруі керек.

3-қосымша

Еңбек кітапшасына қоса атқарылатын жұмыс туралы жазбаны енгізу

1	2			3	4
				«Казтранс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	
				Товарищество с ограниченной ответственностью «Казтранс»	
16	12	08	2020	Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік бөліміне бухгалтер лауазымына қабылданды	2020 жылғы 12 тамыздағы № 27-ж/қ бұйрық
				Принята на должность бухгалтера отдела бухгалтерского учёта и финансовой отчётности	Приказ от 12 августа 2020 года № 27-л/с
17	15	04	2021	**«Жол»** жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік бөліміне бас бухгалтер лауазымына жұмысты қоса атқарушы ретінде қабылданды	**«Жол» ЖШС-нің** 2021 жылғы 15 сәуірдегі № 16-ж/қ бұйрығы
				Принята в Товарищество с ограниченной ответственностью **«Жол»** на должность главного бухгалтера отдела бухгалтерского учёта и финансовой отчётности по совместительству	Приказ от 15 апреля 2021 года № 16-л/с **ТОО «Жол»**

Қоса атқарылатын жұмыстан босату туралы жазба

Қоса атқарылатын жұмыстан босату туралы жазбаны да негізгі жұмыс орны бойынша басқа компаниядан қоса атқарылатын жұмыстан босату туралы бұйрықтың куәландырылған көшірмесі негізінде жасалады (*4-қосымша*).

4-қосымша

1	2			3	4
				«Казтранс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	
				Товарищество с ограниченной ответственностью «Казтранс»	
16	12	08	2020	Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік бөліміне бухгалтер лауазымына қабылданды	2020 жылғы 12 тамыздағы № 27-ж/қ бұйрық
				Принята на должность бухгалтера отдела бухгалтерского учёта и финансовой отчётности	Приказ от 12 августа 2020 года № 27-л/с
17	15	04	2021	**«Жол»** жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік бөліміне бас бухгалтер лауазымына жұмысты қоса атқарушы ретінде қабылданды	**«Жол» ЖШС-нің** 2021 жылғы 15 сәуірдегі № 12-ж/қ бұйрығы
				Принята в Товарищество с ограниченной ответственностью **«Жол»** на должность главного бухгалтера отдела бухгалтерского учёта и финансовой отчётности по совместительству	Приказ от 15 апреля 2021 года № 12-л/с **ТОО «Жол»**
18	06	09	2021	Еңбек шарты жұмыскердің бастамасы бойынша бұзылды, ҚР Еңбек кодексінің 49-бабының 5) тармақшасы	2021 жылғы 06 қыркүйектегі № 67-ж/қ бұйрық
				Трудовой договор растогнут по инициативе работника, подпункт 5) статьи 49 Трудового кодекса Республики Казахстан Бас директор қолы А.Смаилов	Приказ от 06 сентября 2021 года № 67-л/с
				«Жол» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	
				Товарищество с ограниченной ответственностью «Жол»	
19	07	09	2021	Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік бөліміне бас бухгалтер лауазымына қабылданды	2021 жылғы 07 қыркүйектегі № 112-ж/қ бұйрық
				Принята на должность главного бухгалтера отдела бухгалтерского учёта и финансовой отчётности	Приказ от 07 сентября 2021 года № 112-л/с
20	06	09	2021	Жұмысты қоса атқару жөніндегі еңбек шарты жұмыскердің бастамасы бойынша бұзылды, ҚР Еңбек кодексінің 49-бабының 5) тармақшасы	2021 жылғы 06 қыркүйектегі № 109-ж/қ бұйрық
				Трудовой договор о работе по совместительству расторгнут по инициативе работника, подпункт 5) статьи 49 Трудового кодекса Республики Казахстан	Приказ от 06 сентября 2021 года № 109-л/с

Негізгі жұмыскерді жұмыстан қалай босату керек

Егер жұмыскер негізгі жұмыстан кетсе, онда ішкі қоса атқарушы жұмыскерді жұмыстан босатпай, негізгі жұмысқа ауыстыруға болады. Ол үшін қоса атқарушымен қолданыстағы еңбек шартына қосымша келісім жасайды. Келісімде жұмыскерді негізгі жұмысқа қабылдау бөлігінде шарт редакциясының өзгертілгенін жазады.

Осыдан кейін жұмыс беруші қоса атқарылатын жұмыстан негізгі жұмысқа ауыстыру туралы бұйрықты ресімдеуге тиіс (*5-қосымша*). Сондай-ақ жұмыс кітапшасына тиісті жазбаларды енгізу керек (*6-қосымша*). Бұл жағдайда жұмыскердің демалыс өтілі үзілмейді.

Қоса атқарушы жұмыскерді негізгі жұмыскерге ауыстыру басқа жұмысқа ауысу ретінде ресімделмейді. Өйткені бұл жағдайда оның еңбек функциялары да, ол жұмыс істейтін құрылымдық бөлімше де өзгермейді.

5-қосымша

Қоса атқаратын жұмысын негізгі жұмысы деп тану туралы бұйрық

«САМҒА»
жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі

Эмблема, логотип, тауар белгісі (қызмет көрсету белгісі)

Товарищество
с ограниченной ответственностью
«САМҒА»

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2021 жылғы 21 тамыз
Алматы қ.

№ 68-ж/қ
г. Алматы

А. Қуатұлының қоса атқаратын жұмысын негізгі жұмысы деп тану

2021 жылғы 15 сәуірдегі № 7/21 еңбек шартына 2021 жылғы 21 тамыздағы № 7/21-01 қосымша келісімді жасасуға байланысты **БҰЙЫРАМЫН**:

Алишер Қуатұлының бас маман лауазымы бойынша қоса атқарып жүрген жұмысы 2021 жылғы 21 тамыздан бастап негізгі жұмысы болып саналсын.

Негіздеме: 2021 жылғы 15 сәуірдегі № 7/21 еңбек шартына 2021 жылғы 21 тамыздағы № 7/21-01 қосымша келісім.

Бас директор қолы **Б. Ақылбеков**

М. О.

Бұйрықпен таныстым:
Бас маман қолы А. Қуатұлы 2021.21.08

6-қосымша

Қоса атқаратын жұмысты негізгі жұмыс деп тану туралы еңбек кітапшасына енгізілетін жазбаның үлгісі

1	2			3	4
				«Казтранс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	
				Товарищество с ограниченной ответственностью«Казтранс»	
16	12	08	2020	Көлік бөліміне диспетчер лауазымына қабылданды	2020 жылғы 12 тамыздағы № 27-ж/қ бұйрық
				Принят в транспортный отдел на должность диспетчера	Приказ от 12 августа 2020 года № 27-л/с
17	15	04	2021	Көлік бөліміне бас маман лауазымына жұмысты қоса атқарушы ретінде қабылданды	2021 жылғы 15 сәуірдегі № 12-ж/қ бұйрығы
				Принят в транспортный отдел на должность главного специалиста по совместительству	Приказ от 15 апреля 2021 года № 12-л/с
18	20	08	2021	Еңбек шарты жұмыскердің бастамасы бойынша бұзылды, ҚР ЕК 49-бабы 5) тармақшасы	2021 жылғы 20 тамыздағы № 67-ж/қ бұйрығы
				Трудовой договор расторгнут по инициативе работника, подпункт 5) статьи 49 Трудового кодекса Республики Казахстан	Приказ от 20 августа 2021 года № 67-л/с
19	21	08	2021	Бас маман лауазымы негізгі жұмыс орны болып табылады	2021 жылғы 21 тамыздағы № 68-ж/қ бұйрығы
				Должность главного специалиста является основным местом работы	Приказ от 21 августа 2021 года № 68-л/с

А. Адельгужин,
құжаттама жасау, құжаттаманы басқару
және құжаттарды архивтік
сақтау жөніндегі сарапшы,
Алматы қ.

Ұйымдағы басқару құжаттары: дәстүрлі тасымалдағышта қалай құру және ескеру керек

«Ұйымдарда олардың қызмет саласына, меншік нысандарына және ұйымдық-құқықтық нысандарына қарамастан, міндетті түрде объектіні немесе құрылымдарды басқару үшін қолданылатын басқару құжаттамасын жасайды. Оларға қандай талаптар қойылады және есепке алуды қалай жүргізу керек – мақаладан білесіз.»

Басқару құжаттарына қойылатын талаптар

Барлық түрлер мен сорттар арасында басқару құжаттары басым. Оларға бірқатар талаптар қойылады:

1) толықтығы;
2) жеделдігі;

3) дұрыстығы;

4) нақтылығы;

5) мақсаттылығы;

6) адамның қабылдауына жеңілдігі.

Басқару құжаттары қоғамның және жеке тұлғалардың әртүрлі салаларына әсер етеді. Олар келесідей бөлінеді:

1) мәтіндік және графикалық құжаттар;

2) дәстүрлі (қолмен, машинкамен басылған) құжаттар мен электрондық тасымалдағыштағы құжаттар;

3) жеке және ресми құжаттар және т. б.

Басқару құжаттары ақпаратты тасымалдаушылар және ішкі ұйымның ажырамас элементі болып табылады. Олар оның құрылымдық бөлімшелері мен жекелеген қызметкерлерінің өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді, басқару шешімдерін қабылдау үшін негіз, олардың орындалуын дәлелдеу және жалпылау мен талдау үшін дереккөз, сондай-ақ анықтамалық-іздестіру жұмыстарын жүргізу үшін негіз болады. Басқару қызметінде мұндай құжат еңбек субъектісі ретінде де, оның нәтижесі ретінде де әрекет етеді.

Басқару қызметінің белгілі бір нысандары үшін тиісті құжаттар пайдаланылады:

1) басқару қызметі – әртүрлі өкімдік құжаттарды шығару;

2) жоспарлау – әртүрлі жоспарларды дайындау;

3) есепке алу – статистикалық, бухгалтерлік, жедел-техникалық құжаттаманы дайындау және өңдеу;

4) бақылау – ақпаратты жазбаша түрде жинау және т. б.

Сондықтан басқару құжаттары мақсатына сәйкес келесі құралдарға бөлінеді:

1) ұйымның қызметін реттеу (жарғылар, ережелер, регламенттер, қағидалар, нұсқаулықтар және басқа да құжаттар);

2) ұйымның өкімдік қызметі (бұйрықтар, нұсқаулар, қаулылар, шешімдер, өкімдер және басқа да құжаттар);

3) ақпаратты жинақтау және жалпылау (есептер, актілер, баяндамалар және басқа да құжаттар);

4) ақпаратты беру (хаттар, жеделхаттар, телефонограммалар және басқа да құжаттар).

Басқару саласында ұйымның консультативтік-кеңесші органдарының қызметін көрсететін құжаттар (хаттамалар, хаттамалық қаулылар және шешімдер) маңызды рөл атқарады, олар сонымен қатар өкімдік қызметті жүзеге асыру, ақпаратты жинақтау және қорытындылау құралы ретінде де әрекет ете алады.

Басқару қызметі үшін құжаттардың заңды күші өте маңызды, өйткені бұл құжаттар олардағы ақпараттың шынайы дәлелі ретінде қызмет етеді. Ресми құжаттың заңды күші оның жіберілген тұлғалар үшін немесе басшылыққа алатын басқару іс-әрекеттеріне қатысушылардың шеңбері үшін (басқару органдары, олардың құрылымдық бөлімшелері, ұйымдар, қоғамдық бірлес-

тіктер, лауазымды адамдар және азаматтар) міндетті болуын болжайды. құжатты бекітеді және өз қызметін соған негіздейді немесе одан бас тартады. Сондықтан оны дайындаған кезде заң нормаларын сақтау керек және тек құзыреті шегінде құжаттарды шығару қажет.

Барлық ресми басқару құжаттарының **жалпы және арнайы** функциялары бар.

Жалпы функциялары	Арнайы функциялары
Ақпараттық функция – ақпаратты сақтау үшін құжат құрылады.	**Басқару функциясы** – құжат басқару құралы болып табылады, өйткені ол осы мақсат үшін арнайы жасалған.
Әлеуметтік функция – құжат әлеуметтік маңызы бар объект болып табылады және белгілі бір әлеуметтік қажеттілікпен байланысты.	**Құқықтық функция** – құжат қоғамдағы құқықтық нормалар мен құқықтық қатынастарды бекіту және өзгерту құралы.
Коммуникативтік функция – құжат ұйымдар, қоғамдық бірлестіктер және жеке адамдар арасындағы байланыс құралы болып табылады.	**Тарихи функция** – құжат өзінің операциялық функцияларын орындап, оны архивтік сақтауға өткізгеннен кейін қоғамның дамуы туралы тарихи ақпарат көзі болып табылады.
Мәдени функция – құжат қоғамның мәдени дәстүрлерін, атап айтқанда, қоғамның ғылыми-техникалық даму деңгейін жинақтайды және жеткізеді.	

Басқару құжаттарының құрамы мен түрлері мыналарға байланысты анықталады:

1) ұйымдық-өкімдік құжаттама жүйелеріне;

2) ұйымға жүктелген міндеттер мен ол орындайтын функцияларға;

3) ұйымды басқару қағидаттарына: дара басшылық немесе алқалы басшылық ретінде;

4) жүйені ұйымдастыру иерархиясындағы орындар мен рөлдерге (сала).

Ұйымдағы құжат айналымы көлемін қалай ескеру керек

Құжаттармен жұмыс істеу кезінде іс жүргізудің штаттық санын есептеу, техникалық құралдарды таңдау және құрылымдық бөлімшелер мен жекелеген орындаушылардың жүктемесін реттеу мақсатында мәліметтер алу үшін ұйымның жұмыс процесінің көлемі есепке алынады. Құжат айналымының дұрыс ұйымдастырылуы құжаттардың тікелей ағынын, яғни қайтаруды болдырмайтын немесе азайтатын ең аз даналар саны арқылы олардың ең қысқа жолмен өтуін болжайды.

Құжаттың бір инстанцияда біржолғы тұру қағидатын басшылыққа алыңыз: әрбір құжат құрылымдық бөлімшеде өңделуі немесе орындаушыда бір рет қана болуы керек.

ЕСКЕРЕ ЖҮРІҢІЗ

Ұйым ішіндегі құжаттардың негізгі санаттарының қозғалысының схемаларын жасаңыз. Бұл құжаттар қозғалысының барынша ұтымды бағыттарын белгілеуге, оларды өңдеу кезеңдерін анықтауға, осы негізде құжаттармен жұмыс істеудің бірыңғай тәртібін орнатуға мүмкіндік береді. Құжаттарды өңдеу схемаларын мекемеде әзірленген іс қағаздарын жүргізу нұсқауларына қосыңыз.

Құжат айналымының көлемін есепке алу үшін ұйымдағы құжат айналымының көлемі туралы анықтамаларды (ай, тоқсан, жарты жыл және бір жылға) жүйелі түрде ресімдеңіз (*қосымша*). Кіріс, шығыс және ішкі құжаттардың санын және олардың көшірмелерін қарастырыңыз. Құжат айналымының көлемін азайтуға тырысыңыз, бұған мыналар ықпал етеді:

1) құжаттарды берудің және олардың орындалуын бақылауды ұйымдастырудың нақты құрылған технологиясы;

2) құжатқа қосымша сұрау салулардың туындауын болдырмайтын құжаттарды уақтылы және сапалы ресімдеу;

3) ішкі құжаттардың санын қысқарту;

4) құжаттар көшірмелерінің оңтайлы санын анықтау;

5) жасалуы қызметтік қажеттілікпен көзделмеген құжаттар көшірмелерінің санын қысқарту.

Тіркелмеген құжат – жоғалған құжат

Құжаттарды тіркеу рәсімі **екі кезеңнен** тұрады:

– құжаттарды тіркеуге арналған мөртабанға индекс қою;

– тіркеу нысанын толтыру.

Есепке алуды, ресімдеуді, анықтамалық мақсатта пайдалануды талап ететін барлық құжаттар тіркеледі. Олар қалай жеткізілгеніне, жіберілгеніне немесе жасалғанына қарамастан тіркеледі. Тіркеудің негізгі қағидаты – **бір реттілік**. Ұйымдағы әрбір құжат оның индексі бекітілген кезде бір рет тіркелуі керек. Жіберілетін құжаттар – түскен күні, жасалатын құжаттар – қол қойылған немесе бекітілген күні.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Барлық құжаттарда құжаттың реттік нөмірінен, құрылымдық бөлімшенің немесе лауазымды тұлғаның белгісінен, құжат немесе оның көшірмесі берілетін істің нөмірінен тұратын тіркеу нөмірлері болуы тиіс. Мысалы, 01 - 05/134 тіркелген құжаттың нөміріне мыналар кіреді:

1) 01 – құрылымдық бөлімшенің индексі;

2) 05 – номенклатура бойынша іс нөмірі;

3) 134 – тіркеу журналындағы құжаттың реттік нөмірі.

Индекстің құрамдас бөліктері бір-бірінен қиғаш сызықпен бөлінген.

Құжаттар тіркеу-бақылау нысандарында – карточка мен журналда тіркеледі.

Журналға тіркеу нысаны құжат айналымының көлемі жылына 600 құжаттан аспайтын ұйымдарда қолданылады.

Карточкаға тіркеу нысаны жылына 600-ден астам құжат айналымы бар ұйымдарда қолданылады. Құжат форматы А5 немесе А6 болатын картада тіркелген.

Ұйымның БҚҚ қызметінің картотекасы

Басқаруды құжаттамалық қамтамасыз ету қызметіндегі (*бұдан әрі – БҚҚ қызметі*) орындалған құжаттарды тіркеу-бақылау карточкаларынан ұйымдар мынадай картотекаларды құрады, қалыптастырады және жүргізеді:

1) анықтамалық;

2) бақылау-анықтамалық;

3) кіріс құжаттарының географиясы бойынша;

4) жеке және заңды тұлғалардың өтініші бойынша;

5) тақырыптық: ұйымның қалауы бойынша өкімдік құжаттарға және басқа да картотекаларға сәйкес.

Құжаттардың орындалуын бақылауды есепке алу

Орындауды талап ететін құжаттар бақылауға алынуы керек. Орындауды бақылау мыналарды қамтиды:

1) құжатты бақылауға қою;

2) құжаттың орындаушыға уақтылы жеткізілуін тексеру;

3) орындалуын бақылау нәтижелерін есепке алу және жалпылау.

Процесті құрылымдық бөлімшелердің басшылары, БҚҚ қызметінің және жауапты орындаушылар бақылайды. Ірі ұйымдарда орындалуын бақылауды БҚҚ қызметінің құрамына кіретін арнайы бақылау қызметі жүзеге асырады. Басқа құжаттама жүйелерінің (жоспарлы, материалдық-техникалық қамтамасыз ету бойынша және т. б.) құжаттарының орындалуын бақылау тиісті құрылымдық бөлімшелерде басшылардың тапсырмасы бойынша жүзеге асырылады. Жалпы, кез келген ұйымда құжаттың орындалуын бақылау құрылымдық бөлімшенің басшысына жүктеледі. БҚҚ қызметі құжаттың орындалу мерзімін бақылайды.

Ұйымның өкімдік құжаттарын есепке алу

Ұйымның басшылығы атқарушылық-өкімдік қызметті жүзеге асырады және шешімдерді қамтитын өкімдік құжаттарды шығарады:

1) басқару жүйесінде жоғарыдан төменге қарай: басқару органынан басқарылатын ұйымға дейін;

2) ұйымның басшысынан бастап құрылымдық бөлімшелер мен жұмыскерлерге дейін.

Дәл осы құжаттар объектілерді тігінен басқаруға мүмкіндік береді. Өкімдік құжатты беруге мыналар негіз бола алады:

1) қабылданған заңнамалық, заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді, бас ұйымның құжаттарын, сондай-ақ осы ұйымның бұрын қабылданған шешімдерін сақтау қажеттілігі;

2) ұйымның функциялары мен міндеттеріне байланысты атқарушылық-өкімдік қызметті жүзеге асыру қажеттілігі.

Әкімшілік құжаттарды бірнеше басқару органдары бірлесіп шығарады, олар екі топқа бөлінеді:

1) жеке-дара басшылық жағдайында шығарылған өкімдік құжаттар;

2) алқалылық жағдайында шығарылған өкімдік құжаттар.

Жеке-дара өкімдік қызмет: құжаттар қалай шығарылады

Жеке-дара өкімдік қызмет жағдайында шығарылатын өкімдік құжаттарға ұйым басшысының бұйрықтары мен өкімдері жатады. Жеке-дара шешім қабылдау жағдайында ұйымдағы барлық басқару мәселелері бойынша басымдық оның басшысына тиесілі. Бұл басқарудың тиімділігін қамтамасыз етеді, қабылданған шешімдер үшін басшылардың жеке жауапкершілігін арттырады. Министрліктер, ведомстволар, министрліктердің комитеттері, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың аппараттары, ұйымдардың, кәсіпорындар мен мекемелердің басшылары өз қызметін жеке шешім қабылдау негізінде жүзеге асырады.

Жеке-дара шешім қабылдау жағдайында өкімдік құжаттарды – бұйрықтар мен өкімдерді – беру тәртібі келесі кезеңдерді қамтиды:

1) шешім қабылдау (әкімшілік құжатты беру қажеттілігінің негіздемесі);

2) мәселе бойынша ақпаратты жинау және талдау;

3) өкімдік құжаттың жобасын дайындау;

4) құжат жобасын келісу;

5) ескертулер бойынша өкімдік құжаттың жобасын қайта қарау;

6) жобаны аудармаға беру (қажет болған жағдайда);

7) шешім қабылдау (құжатқа қол қою);

8) әкімшілік құжатты орындаушыларға жеткізу.

Басшының бұйрықтары: түрлерінің ерекшелігі неде

Бұйрықты ұйымның алдында тұрған негізгі және жедел міндеттерді шешу үшін жеке-дара өкімдік қызмет негізінде әрекет ететін ұйым басшысы шығарады. Бірақ, «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 480-V Заңы 7-бабының 7) және 8) тармақшаларына сәйкес егер ұйым басшысының бұйрығы негізгі түрінің нормативтік құқықтық актісі болып табылса, онда ол жаңа мәртебеге ие болады және нормативтік құқықтық акт болады, мысалы:

1) Қазақстан Республикасы министрлерінің және орталық мемлекеттік органдардың өзге де басшыларының нормативтік құқықтық бұйрықтары;

2) орталық мемлекеттік органдардың ведомстволары басшыларының нормативтік құқықтық бұйрықтары.

Ұйым басшысының негізгі қызметі бойынша бұйрықтарын:

1) ұйымды қайта ұйымдастыру, тарату кезінде;

2) құрылым мен штаттарды бекіту және өзгерту кезінде;

3) құжаттарды (ережелерді, нұсқаулықтарды, қағидаларды, регламенттерді және т. б.) бекіту және (немесе) іске асыру кезінде;

4) қаржыландыру, материалдық-техникалық қамтамасыз ету, ғылыми-техникалық саясат, ақпараттық-құжаттамалық қамтамасыз ету, әлеуметтік саясат және т. б. мәселелерін реттеу қажет болған жағдайда шығарады.

Ұйым басшысының жеке құрам бойынша бұйрықтары жұмыскерлер мен жұмыс беруші арасындағы еңбек қатынастарының барлық аспектілерін көрсетеді:

- жұмысқа қабылдауды (соның ішінде қоса атқарылатын жұмыс бойынша, белгілі бір мерзімге, алмастыру кезеңіне және т. б.);
- басқа жұмысқа ауысуды;
- ауыстыруды, денсаулығына немесе жүктілікке және т. б. байланысты алмастыруды;
- еңбек шартын бұзуды немесе ұзартуды;
- нақты жұмыскерлерді аты-жөні бойынша аттестаттауды (білімдерін тексеруді);
- біліктілікті арттыруды;
- атақтар беруді;
- тегін өзгертуді;
- мадақтауды, марапаттауды;
- жалақы, сыйлықақылар, әртүрлі төлемдер мен жеңілдіктерді;
- тәртіптік жаза қолдануды;
- жұмыскерлердің демалыстарының барлық түрлерін;
- жұмыскерлердің іссапарларын және т. б.

Әкімшілік-шаруашылық қызмет жөніндегі ұйым басшысының бұйрықтарында келесі мәселелер көрсетіледі:

- қызметтің ішкі тәртіптемесінің негізгі қағидаларын сақтау;
- ғимаратты (құрылыстарды), үй-жайларды пайдалану;

- көлік қызметі;
- ішкі коммуникацияны қамтамасыз ету;
- ұйымның қауіпсіздігін қамтамасыз ету және т. б.

Ұйым басшысының негізгі қызметі бойынша, жеке құрам бойынша және әкімшілік-шаруашылық мәселелері бойынша бұйрықтары дербес нөмірленеді және жеке істерге ресімделеді.

Қосымша

Құжат айналымының көлемі туралы анықтаманың нысаны

Құжат айналымының көлемі туралы
АНЫҚТАМА
20__жылғы_____
(ай, тоқсан, жартыжылдық)

Құжаттар	**Құжаттар саны**		**Барлығы**
	түпнұсқалар	**көшірмелер**	
кіріс			
шығыс			
ішкі			
БАРЛЫҒЫ			

Ұйымның БҚҚ қызметі
басшысының лауазым атауы _____Қолтаңбаның толық жазылуы
(жеке қолы)

Күні

А4 (210Х297) форматы

А. Адельгужин,
құжаттама жасау, құжаттаманы басқару
және құжаттарды архивтік
сақтау жөніндегі сарапшы,
Алматы қ.

Ақпан айының құжаты: тіркеу-бақылау карточкасының нысанын жасаймыз

«Құрметті оқырмандар, ай сайын «Құжат ресімдейміз» айдарында заңнаманың соңғы талаптарын ескере отырып, әртүрлі құжаттарды дайындау мен ресімдеудің ерекше белгілерін егжей-тегжейлі талдауды жалғастырамыз. Осы шығарылымда ақпан айындағы құжатпен танысып, тіркеу-бақылау карточкасының нысанын ресімдеу тәртібін қаншалықты білетіндігіңізді тексеруді ұсынамыз.»

Құжаттарды тіркеу – бұл іс-қағаздарын жүргізуді ұйымдастырудың негізгі сәті болып табылады. БҚҚ қызметінің маңызды міндеттерінің бірі – кез келген уақытта және қысқа мерзімде құжат бойынша құжат бойынша қажетті анықтаманы беру және құжаттың өзін табу.

Құжаттарды тіркеу тіркеу-бақылау нысандарында жүзеге асырылады, олар карточкалық, журналдық немесе автоматтандырылған ақпараттық жүйеде болуы мүмкін – электрондық тіркеу бақылау карточкасы (электрондық құжат айналымы).

Тіркеу-бақылау карточкасы нысанының үлгісі

Бет жағы

Құжаттың нөмірі 4	Құжаттың күні 3	Келіп түскен күні 5	Кіріс нөмірі 6
Құжаттың авторы (корреспондент) 1		Іске жіберу туралы белгі 14	
Құжаттың түрі 2 Құжаттың тақырыбы немесе құжаттың қысқаша мазмұны 7 Парақтар саны 8 Құжаттың қосымшаларының болуы туралы белгі 9			
Қарар 10	Орындау мерзімі 12 Орындаушы 16	Алғаны туралы қолхат (белгі), күні 11	
Бақылау туралы белгі 15			

Сыртқы жағы

Орындалуы, орындау мерзімінің ұзартылуы туралы белгі 13

А5 (148Х210) форматы

Тіркеу-бақылау карточкасының нысанын қалай жасау керек

№	Параметрлері мен сипаттамасы
1	**«Құжат авторы (корреспондент)» деректемесінде**: 1) кіріс құжаты үшін ұйымның-кіріс құжаты авторының атауын (автор-ұйымдардың атауларын) енгізіңіз; егер кіріс құжаты жеке тұлғаның өтініші болса, онда мекенжайын және басқа да қажетті мәліметтерді көрсете отырып, өтініш авторының тегін, атын және әкесінің атын енгізіңіз; 2) шығыс құжаты үшін адресат ұйымының атауын (ұйымдардың атауларын немесе біртекті ұйымдардың жалпылама атауын) енгізіңіз; 3) егер шығыс құжаты азаматтың өтінішіне жауап болып табылса, онда мекенжайы мен басқа да қажетті мәліметтерді көрсете отырып, жеке тұлғаның тегін, аты мен әкесінің атының инициалдарын енгізеді; 4) ішкі құжаттар үшін ұйымның құрылымдық бөлімшесінің – ішкі құжат авторының атауы (жұмыскердің лауазымы мен тегі) енгізіледі.
2	**«Құжат түрі» деректемесін** тіркелетін құжаттың түріне сәйкес толтырыңыз, хаттарды тіркеген кезде бұл деректемені толтырмаңыз.
3	**«Құжаттың күні»** деректемесінде құжаттың авторы (авторлары) құжатта белгілеген күнді қойыңыз.
4	**«Құжаттың нөмірі»** деректемесінде құжатқа ұйым-автор (ұйымдар-авторлар) берген тіркеу нөмірді енгізіңіз.
5	**«Келіп түскен күні» деректемесіне** құжаттың ұйымға түскен күнін енгізіңіз.
6	**«Кіріс нөмірі» деректемесіне** құжатты жіберуші ұйым тағайындаған нөмірді енгізіңіз. Құжатты ресімдегеннен кейін ұйым істерінің номенклатурасына сәйкес іс нөмірі және ұйымның қалауы бойынша басқа да белгілер қойылады.
7	**«Құжаттың тақырыбы немесе қысқаша мазмұны»** деректемесіне – құжаттың тақырыбы, егер тақырып болмаса, құжаттың қысқаша мазмұны ауыстырылады.
8	**«Парақтардың саны»** деректемесіне құжат парақтарының жалпы санын және оған ілеспе хатты енгізіңіз.
9	**«Қосымшалардың болуы туралы белгі»** деректемесіне қосымшалардың санын және қосымша парақтарының жалпы санын енгізіңіз.
10	**«Қарар» деректемесінде** құжатты орындау бойынша ұйым басшысы жазған қарардың мәтінін толығымен көшіріңіз.
11	**«Алғаны туралы қолхат (белгі), күні»** деректемесінде қолын, орындаушы қолтаңбасының толық жазылуын (орындаушылардың қолдарын, қолтаңбаларының толық жазылуын), құжаттың орындауға тапсырылған күнін енгізіңіз.
12	**«Орындау мерзімі» деректемесінде** орындау мерзімін енгізіңіз. Шығыс бастама құжатын тіркеу кезінде күтілетін жауап күнін енгізіңіз.

13	**«Орындалғаны туралы белгі, орындау мерзімін ұзарту»** деректемесінде мәселенің шешілгені, жауап құжатының күні мен тіркеу нөмірі туралы жазбаны енгізіңіз. Құжатты орындау мерзімі ұзартылған жағдайда жаңа орындалу күнін енгізіңіз.
14	**«Іске жіберілгені туралы белгі»** деректемесіне ұйымның істер номенклатурасындағы істің индексін енгізіңіз.
15	**«Бақылау туралы белгі»** деректемесінде құжаттың орындалу мерзімін, тексеру мерзімін, орындаудың кешігу себептерін бақылау туралы белгіні енгізіңіз.
16	**Орындаушы туралы белгі.** Құжаттың бастамашысын, яғни нысанды дайындаған қызметкерді көрсетіңіз.

Тіркеу-бақылау карточкасында көрсетілген және қосымша деректемелерді ұтымды орналастыру тәртібін ұйым белгілейді.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАНДАР!

Өздеріңізді қызықтырған барлық ақпаратты біздің

www.kadry.mcfr.kz,

сайтымыздан алуға, сондай-ақ форумдарда өз пікіріңізбен бөлісіп, әртүрлі жұмыс жағдайларын талқылауға болады.

www.kadry.mcfr.kz
www.kadry.mcfr.kz
www.kadry.mcfr.kz

МЦФЭР–Казахстан

Н. Артонкина,
«НФП Бизнес решения» ЖШҚ
Ұйымдастырушылық және құжаттамалық
қамтамасыз ету бөлімінің бастығы,
Мәскеу қ.

Бюджеттік электрондық архив өз күшімізбен: артық шығынсыз жасаймыз

> Қандай да бір түрдегі электрондық архиві жоқ компанияның болуын елестету қиын. Бұл компания құжаттамасының орталықтандырылған электрондық архиві немесе «қажет болып қалар» деген жағдайға құрылған нақты жұмыскердің электрондық архиві болуы мүмкін. IT-шешімдеріне келетін болсақ, бұл мамандандырылған бағдарламалық өнім немесе жай ғана файлдар қоймасындағы арнайы орын болуы мүмкін. Арнайы бағдарламалық өніммен бәрі оңай: ақша төлейміз – аламыз. Алайда шағын компанияларға қымбат бағдарламалық шешімдер қажет емес, электрондық архивті өз қолдарымен ұйымдастыру жеткілікті. Мұны қалай жасауға болады – мақалада айтамыз.

Электрондық архив не үшін қажет

Ұйымда электрондық архив қажет, өйткені ол мыналарды қамтамасыз етуге көмектеседі:

- қажетті құжаттарды жылдам іздеуге;
- құжаттарды тәртіппен сақтауға;

- кеңсе кеңістігін қағаз құжаттарынан босатуға (барлық құжаттарды қағаз түрінде сақтау қажет емес);
- құжаттарды жоғалудан немесе бүлінуден қорғауға.

Электрондық архивті құру үшін бірнеше ерекшеліктерге назар аударыңыз:

1) техникалық тұрғыдан уақытша сақтау мерзімі мен ұзақ сақтаудағы құжаттарды сақтаудың айырмашылығы жоқ;

2) ұйымдардың қызмет ету саласы мен меншік нысанын ескеру қажет;

3) электрондық хаттарды сақтауды елемеуге болмайды, өйткені электрондық пошта хат алмасуы толыққанды құжат мәртебесіне ие.

Электрондық құжаттардың өзекті форматтарын қолданыңыз

Форматтар бірнеше жыл сайын ескіреді, сондықтан бұл электрондық архивті қалыптастыру үшін белгілі бір қиындықтарды тудырады. Мысалы, бүгінде сіз құжаттарды белгілі бір архив форматына енгізесіз, ал бірнеше жылдан кейін бұл формат әзірлеушілер тарапынан қолдау таппай қалады. Не істеуге болады? Кеңінен қолданылатын форматтарды пайдаланған орынды. Бұл жағдайда әзірлеушінің бұл форматтан бас тарту ықтималдығы аз. Іс жүзінде құжаттардың негізгі пакеті PDF форматында жіберілетін жағдайлар жиі кездеседі, сонымен қатар MS Word және Excel форматтары да қосымша қолданылады, өйткені олармен жұмыс істеу ыңғайлы. Сондықтан ұйымдар құжатты PDF форматында да, құжат жасау форматында да сақтайды.

Ыңғайлы сақтау тасымалдағышын таңдаңыз

Электрондық құжаттарды сақтауға арналған бюджеттік нұсқалары туралы айтатын болсақ, онда мұны алынбалы тасымалдағышта, файлдар қоймасында (қатты дискіде арнайы бөлінген орын), корпоративтік порталда жасауға болады. Әдетте, егер негізгі электрондық архив бар болса, алынбалы тасымалдағыш қосалқы архив (бір ғана емес!) ретінде әрекет етеді. Бұл деректердің жоғалу қаупін азайтады. Тасымалдағышты таңдау кезінде құрылатын электрондық архивтің көлемін, сондай-ақ тасымалдағыштың қызмет ету мерзімін ескеру қажет. Алынбалы тасымалдағыштардың оқуға жарамдылығын үнемі тексеріп, «моральдық» ескіруді бақылап отыру керек (мысалы, тасымалдағыштарды(дискеталар) шығаруды тоқтатты). Егер файл қоймалары мен корпоративтік порталдар туралы айтатын болсақ, онда бос орынның болуын үнемі бақылау керек.

Архивтің құрылымы мен қолжетімділік: нені ескеру қажет

Электрондық архивті құру кезінде келесі кезеңдерді ескеріңіз:

1) архив құрылымын (*1-мысал*). Ол ұйым істерінің номенклатурасын қайталауы мүмкін немесе әрбір құрылымдық бөлімше үшін бірегей болуы мүмкін;

2) архивтік папкаларға қол жеткізу құқықтарын саралау (IT-мамандармен бірге орындаңыз). Мысалы, архивпен тек архивші ғана жұмыс істемейтін болса, онда пайдаланушыларды лауазымдық міндеттеріне қарай санаттарға бөлген дұрыс. Мысалы, архивші құжаттарды қосу және жою құқықтарына ие болады, ал басқа жұмыскерлердің тек көру және оқу құқықтары болады (тек белгілі бір папкаларға);

3) электрондық архивті жүргізуге жауапты адамдарды тағайындау;

4) орналастырылатын құжаттардың форматына қойылатын талаптар. Мысалы, PDF форматында және құжат әзірлеу форматында. Дәстүрлі түрде MS Word форматында жасалған шығыс хаттың MS Excel бағдарламасында жасалған тіркемелері бар және қосымшалары бар хаттың толық сканерлеуі PDF форматында жасалды делік. Бұл жағдайда PDF, MS Word және MS Excel форматындағы құжат электрондық архивке орналастырылады;

5) құжат файлдарына атау беру талаптары (*2-мысал*).

1-МЫСАЛ

Кеңсенің электрондық архивінің құрылымы:

- негізгі қызмет бойынша бұйрықтар (өкімдер);
- әкімшілік-шаруашылық мәселелер бойынша бұйрықтар (өкімдер);
- кіріс құжаттары;
- шығыс құжаттары;
- ішкі құжаттар;
- контрагенттермен хат алмасу;
- жиналыстардың хаттамалары.

2-МЫСАЛ

Файлдарды кодтау:	
00	Құрылымдық бөлімшенің коды;
NNN	Архивтегі құжаттың реттік нөмірі;
TTT	Құжат түрі;
NNN-NN	Құжаттың нөмірі;
YYYY-MM-DD	ЖЖЖЖ-АА-КК форматындағы құжаттың күні. Мысалы, *03.022.ХАТ.005-16.2016.04.24. 03.011.ХТМ.06.2016.05.22*

Кодтың бөлімі	Код	Құжат
ТТТ	АКТ	Акт
	ЕРЖ	Ережелер
	ПРЗ	Презентациялар
	ХТМ	Хаттама
	ХАТ	Хат
	РЕГ	Регламент
	ЕРСххх	Құжатқа ескертулер реестрі, мұнда ххх – құжаттың коды
	….	….
NNN	001 бастап 999 дейін	Функционалды саланың ішіндегі құжаттың реттік нөмірі

Біз бюджеттік электрондық архивті құру нұсқасын қарастырдық, яғни өз күшімізбен. Әрине, құжат айналымын кеңінен автоматтандыру жағдайында бұл әдіс «бейберекеттік» сияқты көрінуі мүмкін. Дегенмен, «ақшамен бәрін жасауға болады» деген бар ғой. Шағын ұйымдарда құжаттарды архивтеу үшін бағдарламалық өнімді енгізуге қаржылық мүмкіндіктері жиі болмайды, ал құжаттарды сақтауды ұйымдастыру қажет. Бұл жағдайда қолда бар құралдар құтқарады.

Жаңадан келген жұмыскерлерді бейімдеу: әдеттегі сегіз мәселе және олардың дайын шешімдері

« Әрбір екінші жұмыс беруші ұйымға жаңадан келгендерді бейімдеу мәселесіне тап болады. Жаңа мақалада сегіз мәселе және олардың дайын шешімдерін береміз. Бұл құралдарды бұрыннан қолданып жүрген компаниялар сынақ мерзімінде жұмыскерлер тұрақсыздығының азайғаны туралы айтып, мақтана алады. »

1 МӘСЕЛЕ

Басшы бейімдеу процесіне қосылмайды

Жаңа қызметкер тәжірибесіз көрінуге қорқатындықтан, әсіресе бастыққа сұрақ қоюға құлықсыз. Уақыт өтіп жатыр, жауаптар табылмады, сұрау енді ыңғайсыз. Сондықтан, жаңадан келген адамға әрқашан өз сұрағына жауап алатынын бірден түсіндіріңіз. Тікелей айтыңыз: «*Сіз жаңа ғана жұмысқа тұрдыңыз, сізде сұрақтар бар екенін түсінеміз. Кәзір сіз бәрін сұрай аласыз – бұл орынды болады*». Адамға қамқорлық жасаңыз, бірінші аптадағы шиеленісті жеңілдетіңіз және жаңа жұмыс ортасына үйренуге көмектесіңіз.

Чек-парақ. Жаңадан келген жұмыскер бірінші аптада не істеу керек

Бөлімше _____
Қызметкердің Т. А. Ә., лауазымы_____
Бірінші жұмыс аптасы 2022 жылғы «__»_____ бастап «__»_____дейін

Іс-әрекеттер	Орындалды/орындалмады (күндерін көрсету)	Себебі
Жұмыскерді командамен таныстыру		
Желі бағдарламасына және корпоративтік веб-сайтқа қосу. Кеңсені көрсету. Тәлімгерімен таныстыру		
Өнімдер мен тапсырыс берушілер туралы айтып беру, компанияның және бөлімнің ұйымдық құрылымын көрсету. Кім не үшін жауапты екенін түсіндіру		
Жұмыскердің жауапкершілік аймағын және бастық ретінде одан күтетінін нәтижені белгілеу. Бөлімдегі және басқа бөлімшелермен өзара әрекеттесу тәртібін талқылау		
Ұйымда мақсаттар қою және олардың орындалуын қадағалау туралы түсіндіріңіз. Ағымдағы аптаға тапсырма беру		
Жаңадан келген жұмыскерді ұжымдағы қағидалармен, кестемен, корпоративтік дәстүрлермен, түскі үзіліс кестесімен таныстыру		
Есеп беру нысандарын көрсету		

2 МӘСЕЛЕ

Басшы міндеттерді дұрыс қоймайды және аралық бақылау жүргізбейді

«Жауынгерлік жағдайда мықтылығын тексеру» сияқты тәжірибенің орнына жұмыс тапсырмаларының күрделілігін бірте-бірте арттырыңыз және жаңа жұмыскерлер үшін жұмыс көлемін біртіндеп арттырыңыз. Жұмыс аптасының алғашқы үш күнінде уақытты таңдап, жаңа қызметкермен оның сынақ кезеңіндегі міндеттері және күтілетін нәтижелер туралы егжей-тегжейлі сөйлесіңіз. Содан кейін адамның бәрін түсінгенін сұраңыз. Жұмыс жоспарында міндеттерді жазып, оларды маңыздылығы мен өзектілігіне қарай бөліңіз (*үлгісі төменірек*). Жұмыскерге басымдықтар бөлімнің және бизнестің негізгі мақсаттарымен сәйкес келетінін түсіндіріңіз – кірісті арттыру, тұтынушылардың қанағаттануын арттыру және өндіріс шығындарын азайту.

Жаңадан келген жұмыскердің сынақ мерзімі кезеңіне жасалған жоспары

Т. А. Ә. Скрипалёв А. А.
Бөлімше: сату бөлімі
Лауазымы: сауда өкілі
Жұмысқа шығатын күн: 05.01.2022
Сынақ мерзімі аяқталатын күн: 04.04.2022

Тікелей басшының Т. А. Ә.: Печкин И.И.
Тәлімгердің Т. А. Ә., лауазымы:
Сату жөніндегі жетекші менеджер Треплёв К.К.

№ р/с	Іс-шара/міндет	Жоспарланған нәтиже	Мерзімі	Нақты нәтиже
1	Сынақ тапсырмасы: қызметтердің каталогы мен прайс-парақтар негізінде ай сайынғы сату жоспарын орындаудың кемінде бес нұсқасын жасаңыз	Іс-әрекеттер жоспары: берілген сомаға қанша және қандай тауарларды сату керек	10.01.2022	
2	Екі айдың ішінде клиенттік базаны 10 пайызға көбейту	Базада 35 клиент	04.03.2022	
3	«Шыны пакеттерге арналған құрамдас бөлшектер» электрондық курс бойынша сынақты сәтті тапсыру	Дұрыс жауаптарының пайызы – 100-ден 85	28.02.2022	
4	…			
5	…			

Басшымен ақырғы кездесулер	Мерзімділігі	Өтізілгені туралы белгі
Аралық нәтижелерді қорытындылау, сынақ мерзіміне міндеттерді түзету	Жұмыстың алғашқы үш аптасы – жұма күндері жұмыс күнінің соңында	
	Содан кейін үш кездесу – екі аптада бір рет	
	Соңғы кездесу – қорытынды бағалаудан бір апта бұрын	

Мақсаттармен және міндеттермен таныстым және келісемін	*Скрипалёв*	А. Скрипалёв
Күні: 2022 жылғы 5 қаңтар		
Басшы	*Серіков*	И. Серіков

Аралық нәтижелерді шығару үшін бақылау жиналыстарының күндерін анықтаңыз. Бірінші айда мұндай кездесулер аптасына кемінде бір рет өткізілуі керек. Қызметкермен сөйлесуге дайындалыңыз. Жаңадан бастаушыларға міндеттерді белгілеу туралы нұсқауларды оқыңыз (*төмендегі үлгі*). Сұрақтарға мұқият жауап беруін және қажет болған жағдайда бейімделу кезеңіне тапсырмаларды түзетуін сұраңыз.

БАСШЫҒА АРНАЛҒАН НҰСҚАУЛЫҚ:
ЖАҢАДАН КЕЛГЕН ЖҰМЫСКЕРГЕ МІНДЕТТЕРДІ ҚАЛАЙ ҚОЮ КЕРЕК

1. Жаңа қызметкерге міндет қойыңыз. Ол не істеу керек екенін қысқаша айтып беріңіз.
2. Тексеру үшін сұрақтар қойыңыз: «Жұмысты неден бастау керектігін білесіз бе?» және «Тапсырманы түсінуге не көмектеседі?». Осылайша сіз қызметкердің дұрыс әрекет ететінін түсінесіз.
3. Жаңадан бастаушы тапсырманы сәтті орындау үшін қандай құралдарды пайдалана алатынын көрсетіңіз (бағдарламалық өнім, бизнес-процестің регламенті).
4. Нәтиже қандай болуы керек екенін түсіндіріңіз және өз үмітіңізді белгілеңіз. «Сіздің жұмысыңыздың тиімділігін қалай бағалайтынымды түсіндіңіз бе?» деп сұраңыз.
5. Қызметкерді нәтижеге қалай жетуге болатыны туралы өз ойын айтуды ұсыныңыз. Егер сіз үшін тапсырманы орындау әдістемесі маңызды болса, оған жұмыста қабылданған нақты жұмыс алгоритмін түсіндіріңіз.
6. Жұмысты аяқтау мерзімдерін белгілеңіз. Жаңадан келген адам оларды дұрыс деп санайды ма жоқ па, сұраңыз. Теріс жауап естісеңіз, себебін біліңіз.
7. Келісімдерді келесі қағидат бойынша қорытындылаңыз: міндет – ресурстар – нәтиже – мерзімдер.
8. Қиындықтар туындаған жағдайда қызметкерге кім көмектесетінін айтыңыз.

3 МӘСЕЛЕ

Басшы жаңадан келген жұмыскермен кері байланыс жасамайды

Әңгімеде сын мен мойындау тепе-теңдігін сақтаңыз. Мінсіз қарым-қатынас – бірден беске дейін. Және үш сұрақты есте сақтаңыз: «*Жаңадан бастаушы не істеуді жалғастыруы керек?», «Ол не істеуді тоқтатуы керек?», «Неден бастауы керек?*». **Бес қағиданы** сақтасаңыз, кері байланыс жаңадан келгендерді ынталандырады:

1-қағида: Әрқашан позитивтен бастаңыз. Ненің жақсы екенін белгілеңіз.

2-қағида. Қателіктің «суретін» беріңіз. Тек фактілер. Эмоция болмау керек. Орындалды – орындалмады, иә – жоқ, көрдім, естідім, жағдай осындай, факт бойынша мынандай нәтижелер.

3-қағида. Болған жағдайдың себептерін түсіндіру, бірақ олар туралы айта беріп, кінәні әріптестеріңізге немесе жағдайларға арта бермеу.

4-қағида. Жұмыскерден болашақта осындай жағдайды болдырмау үшін не істеу керектігін сұрау. Жұмыскер үшін мәселені шешудің қажеті жоқ – жай күтіңіз және сұрақтармен көмектесіңіз. Жаңа жұмыскер әрекет жоспарын құруы керек: өзі жауап беретін, нақты, айқын.

5-қағида. Әңгімені позитивті нотамен аяқтаңыз. Жұмыскердің жетістігіне сенетініңізді көрсетіңіз және келесі кездесу қашан болатынын хабарлаңыз.

4 МӘСЕЛЕ

Жаңадан келген жұмыскердің үміті шындықпен сәйкес келмейді

Бірінші сұхбатта үміткердің жұмысқа деген үмітін білуге тырысыңыз. Содан кейін үміткерге Топ-3-ке кіретін факторларға қатысты ашық және жобалаушы сұрақтар қойыңыз. Осылайша, үміткер компаниядан не күтетінін, оның тиімді жұмыс істеуі үшін не маңызды және қажет екенін нақты біліңіз. Үміткердің орындалмайтын үміттерін алып тастаңыз және жұмыс жағдайының нақты көрінісін көрсетіңіз. Содан кейін, бүкіл сынақ мерзімі ішінде жаңадан қабылданған қызметкерлерге кері байланыста болыңыз. Олардың үміттері қалай ақталғанын біліңіз, жұмысында кездескен қиындықтарды анықтаңыз.

5 МӘСЕЛЕ

Сынақ кезеңінде қызметкердің тиімділігін бағалаудың нақты көрсеткіштері жоқ

Қызметкерге жұмыстың алғашқы айларынан қандай нәтиже күтетініңізді айтыңыз. Егер көрсеткіштерді нақты тұжырымдасаңыз, жаңадан келген жұмыскердің алаңдаушылық пен белгісіздік деңгейін төмендетуге болады. Мысалы, байланыс орталығының жаңа менеджері күніне 100 қоңырау шалу керектігін түсінді делік. Бірақ ол неге екенін біледі ме? Неге норма сондай екеніне түсіндірме бар. Қызметкер бұл сандар ойдан құрастырылмағанын түсінгенде, ол оның жұмысының жалпы бизнеске қалай әсер ететінін де түсінеді. Оны ұстануға тиіс стандарттармен және оның жұмысын бағалау көрсеткіштерімен таныстырыңыз. Қызметкерге қосымша сұрақтар қойыңыз. Мысалы: «*Лауазымда жұмыс істегенде, қандай нәтижеге жету керек?*» немесе «*Күніне қанша қоңырау/кездесу жасау керек?*» Жаңадан келген адамның ақпаратты дұрыс қабылдағанына көз жеткізіңіз. Жаңа қызметкер үшін кез келген сандар алдымен дерексіз болып табылады. Олардың әрқайсысы неден тұратынын көрсету маңызды. Қызметкер әрекет ету нұсқаулығын алады.

6 МӘСЕЛЕ

Тәлімгер жаңадан келген жұмыскерге нені қалай жасауға болатынын көрсетпейді

Тәлімгердің жаңадан келген жұмыскермен қаншалықты тиімді жұмыс істегенін бағалау үшін бөлімше басшысы мен қызметкерге сауалнама жүргізіңіз (*сауалнамалар үлгісі төменде*). Оған нені жақсарту керек екенін анықтаңыз. Тәлімгер жақсы жұмыс істеуі үшін кез келген қосымша жұмыс жүктемесі сияқты тәлімгерлікті ынталандырыңыз. Егер жаңа қызметкер сынақ мерзімінен сәтті өтсе, тәлімгерге, мысалы, жалақының 5 % мөлшерінде сыйақы алсын. Бірақ материалдық сыйақыны оның жұмысының нәтижесін бағалаған соң ғана төлеңіз.

ТӘЛІМГЕРДІҢ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ҚЫЗМЕТКЕРГЕ АРНАЛҒАН САУАЛНАМА

Құрметті қызметкер!

Бұл сауалнама компаниядағы жаңа қызметкерлердің бейімделуін жақсарту үшін қажет. Сынақ мерзімі кезеңіне сізге тәлімгер тағайындалды.

Тәлімгермен өзара әрекеттестік қалай құрылғаны туралы сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Тәлімгермен байланысу жиілігін қалай сипаттауға болады (тиісті нұсқаны белгілеңіз немесе өз нұсқаңызды жазыңыз):

- күн сайын;
- аптасына екі-үш рет;
- аптасына бір рет;
- айына екі-үш рет;
- мүлде кездескен жоқпыз.

2. Тәлімгермен сөйлесуге аптасына орта есеппен қанша уақыт жұмсадыңыз?

- аптасына 3,5–2,5 сағат;
- аптасына 2,5–2 сағат;
- аптасына 1,5 сағат;
- аптасына 1 сағат;
- Тәлімгер менімен сөйлеспеді.

3. Бірінші жұмыс күні тәлімгер сізді қызметкерлердің қайсысымен таныстырды?

- бөлімше қызметкерлерімен және басқа бөлімшелердің қызметкерлерімен (қызмет бабымен олармен байланыс үнемі болады);
- бөлімнің барлық қызметкерлерімен;
- бөлімшенің кейбір қызметкерлерімен ғана;
- барлығымен таныстырды, бірақ бірінші жұмыс күні емес;
- ешкіммен таныстырмады.

4. Тәлімгермен қарым-қатынасыңыз қалай құрылды (байланыстың бастамашысы тәлімгер болған және өзіңіз болған кездерді пайызбен бағалаңыз):

Сіз – тәлімгер

- 20 – 80 %;
- 30 – 70 %;
- 60 – 40 %;
- 70 – 30 %;
- 80 – 20 %.

5. Тәлімгер әрқашан сұрақтарыңызға жауап бере алды ма?

- иә, әрдайым;
- әрдайым дерлік;
- жиі;
- сирек;
- жоқ.

6. Тәлімгеріңіз нені дұрыс, нені дұрыс емес, нені жақсартуға болатынын айта отырып, жұмысыңыздың нәтижесі туралы кері байланыс берді ме?

- иә, әр уақытта тапсырма аяқталғаннан кейін;
- иә, қорытындыланған тапсырманың аяқталуына қарамастан, аптасына бір рет;
- иә, айына бір рет;
- иә, бірақ айына кемінде бір рет;
- жоқ.

ТӘЛІМГЕРДІҢ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ БАСШЫҒА АРНАЛҒАН САУАЛНАМА

Құрметті басшы!

Бұл сауалнама компаниядағы жаңа қызметкерлерді бейімдеу және тәлімгерлік ету процесін жақсарту үшін қажет. Жаңа қызметкеріңізге сынақ мерзіміне тәлімгер тағайындалды.

Тәлімгердің жаңа қызметкермен қарым-қатынасы қалай құрылғанына жауап беріңізші.

1. Тәлімгер жаңа жұмыскерді үйретуге дайын ба?

- иә, әрқашан;
- иә, әрқашан дерлік;
- жиі;
- иә, бірақ сирек;
- жоқ.

2. Жұмыс уақытын дұрыс жоспарлауға байланысты негізгі қызметті тәлімгерлік функцияларымен біріктіру кезеңінде қызметкердің өнімділігі зардап шегеді ме?

- иә, әрқашан;
- иә, әрқашан дерлік;
- жиі;
- иә, бірақ сирек;
- жоқ.

3. Тәлімгер жаңа қызметкердің жетістіктері туралы үнемі есеп беріп отыра ма?

- иә, әрқашан;
- иә, әрқашан дерлік;
- жиі;
- жоқ, сирек;
- жоқ.

4. Тәлімгер жаңа қызметкердің жұмысының нәтижесі туралы ай сайынғы есепті уақытында тапсырды ма?

- иә, әрқашан;
- иә, әрқашан дерлік.

7 МӘСЕЛЕ

Ұжым жаңа қызметкерге қолдау көрсетпейді

Бейімдеу процесінде жаңадан келген жұмыскердің әріптестерімен қарым-қатынасын қадағалаңыз. Қарапайым, нәтижелі диалог арқылы қызметкерге жаһандық болып көрінетін мәселені шешуге көмектесіңіз. Бейімделу мақсаты – жаңа қызметкер өзін компанияның толыққанды бөлігі ретінде сезінетіндей ету. Егер бірнеше аптадан кейін бірдеңе әлі де түсініксіз болса, қызметкерге қажетті ақпаратты беру маңызды. Жаңадан келген адамды қабылдауға дайындалыңыз және қызметкерлердің сыни көзқарасын болдырмаңыз. Команда мүшелерінен жұмысқа қабылданатын адамға барынша ашықтық пен ізгі ниет танытуын сұраңыз, оған қолдау көрсетіңіз.

8 МӘСЕЛЕ

Жаңа қызметкерге жұмысты көп жүктейді

Артық жүктеме маркерлерімен танысыңыз (*төмендегі кесте*). Бірінші аптада жаңадан келген жұмыскердің «мәңгілік Золушкаға» айналып кетпеуін қадағалаңыз. Жұмыскерді тағы бір рет лауазымдық нұсқаулықтармен таныстырыңыз, лауазымды жалпы сипаттаумен шектелмеңіз. Көптеген ұжымдарда күрделірек жұмысты жаңадан келгендерге итеріп тастауды ұнатады. Қызметкерді әріптестердің мұндай «ұсыныстарынан» бас тартуға үйретіңіз. Қуана көмектесетінін, бірақ оған дәл қазір өз міндеттеріне назар аударған дұрыс екенін түсіндірсін. Өйткені, басшы айқын мақсаттар қойып, мерзімдерін белгіледі ғой. Келіссе, көмектесуге дайын екенін түсіндірсін, өйткені жұмыста үзіліс бар.

Жаңа қызметкердің артық жүктемесі бар екенін айтатын маркерлер

Маркер	Мінез-құлқының көрінісі
Уәждеменің жоқтығы	Жұмыскер ештеңе істегісі келмейді. Ол әріптестеріне көп шағымданады. Жұмыстағы мәселелер көптеген әңгімелердің негізгі тақырыбына айналады
Шаршағандық	Жұмыстан кейін жұмыскер құлазып кетеді. Спортзалға бару немесе отбасымен уақыт өткізу сияқты күнделікті істерге оның күші жетпейді
Зейінінің жоқтығы	Жаңадан бастаған адам жұмыс басымдықтарына назарын жоғалтады. Әріптестерінің іс қалай жүріп жатыр, қиындықтар бар ма деген сұрақтарына ол «бәрі жақсы» деп жауап береді
Кішкентай қателіктер	Жұмыскер ешқашан жасамаған қателіктерді жасайды. Өткен аптада басшымен талқылаған қателіктерді тағы қайталайды
Ұйқының бұзылуы	Жұмыскер өз істерінің тізіміне қарап, аң-таң болады. Жұмыста болып жатқан оқиғаларға, өзіне айтылған кішкентай ғана сынға байланысты ұйқысынан айырылады
Ашушаңдық	Жаңадан бастаған адам бұрын назар аудармаған сөздерге немесе әрекеттерге ашуланады. Әріптестер артық бірдеңе айтудан қорқады, өйткені жұмыскердің реакциясын болжау мүмкін емес

«Жұмыскерге сөгіс жариялау туралы бұйрық жасаймыз» кейсі

«Құрметті оқырмандар, сіздер үшін жаңа кейстер топтамасын дайындадық, онда түрлі құжаттарды жасау және ресімдеу тақырыбын қарастырамыз. Кезекті тапсырмада ұсынылған құжатпен танысып, оны дайындаудағы қателіктер мен дәлсіздіктерді табуды ұсынамыз.»

«_____»
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

БҰЙРЫҚ

2022 жылғы 01 ақпан
Алматы қаласы

Эмблемасы, логотип, қызмет көрсету белгісі, тауар белгісі

Товарищество
с ограниченной ответственностью
«_____»

ПРИКАЗ

№ 12-Ж/Қ
город Алматы

Маркетинг бөлімінің маманы О. Г. Суриковке сөгіс жариялау туралы

Маркетинг бөлімінің маманы О. Г. Суриков еңбек тәртібін бірнеше рет бұзуына байланысты оған сөгіс жариялансын.

Негіздеме: хатшы И. Н. Артамонованың 2022 жылғы 25 қаңтардағы қызметтік жазбасы, маркетинг бөлімінің маманы О. Г. Суриковтың еңбек тәртібін бұзғаны туралы 2022 жылғы 25 қаңтардағы № 3 актісі, маркетинг бөлімінің маманы О. Г. Суриковтың 2022 жылғы 26 қаңтардағы № 9 түсіндірме жазбасы.

Бас директор қолы **Т. Құдайбергенов**

М. О.

Бұйрықпен таныстым, бұйрықтың көшірмесін алдым:
Маркетинг бөлімінің маманы қолы О. Суриков 01.02.2022

ОҚЫРМАН САУАЛЫ

Бұйрықта НҚҚ бабына сілтеме жасау міндетті ме?

Иә, міндетті.
Бұйрықтың мәтіні: айқындаушы (кіріспе) және өкімдік деген екі бөліктен тұрады (Құжаттама жасау қағидаларының 46-тармағы).
Айқындаушы (кіріспе) бөлікте бұйрықты шығаруға негіз болған мақсаттар мен міндеттер, фактілер мен оқиғалар баяндалады. Егер бұйрық басқа құжаттың негізінде шығарылса, онда айқындаушы бөлікте аталған құжаттың ілік септігіндегі атауы, оның авторы, датасы, нөмірі мен тақырыбы көрсетіледі. Әділет органдарында тіркелген нормативтік құқықтық актіге сілтеме жасалған кезде оның нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген нөмірі қосымша көрсетіледі.

ТОЛЫҚ ЖАУАПТЫ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ЖҮЙЕДЕН ҚАРАҢЫЗ

ACTUALIS:
КАДРОВОЕ ДЕЛО
www.vip-kadry.mcfr.kz

Кейістің сұрағы: Жұмыскерге сөгіс жариялау туралы бұйрықты жасаған кезде қандай қателіктер жіберілді?

№ 1 тапсырманың жауабы
«Төленген мемлекеттік бажды қайтару туралы МКБ-ға өтініш жазамыз» кейсі

Төленген мемлекеттік бажды қайтару туралы өтініш жасаған кезде іс қағаздарды жүргізудің келесі бұзушылықтарына жол берілді: өтінішке қол қойылған күн мен өтініш берушінің қолтаңбасы жоқ.

Жауаптарыңызды «Кәсіби шеберлік мектебі» (№ 2) белгісімен мына мекенжайға: 050009, Алматы қ., Шевченко көш., 165б/72г, Радостовец көшесінің қиылысы, 712 кеңсе немесе shkola@mcfr.kz электрондық поштаға жолдаңыздар, міндетті түрде тегіңізді, атыңызды, әкеңіздің атын, лауазымыңызды, жұмыс орныңызды және толық пошталық мекенжайыңызды көрсетіңіз.

Жүлделі ойынға журналдың кез келген нөміріне жауап беріп, қатыса алатындарыңызды ұмытпаңыздар.

А. Верещагина,
психология ғылымының докторы,
РХШ және МҚА Батыс филиалының
доценті, практик психолог,
Калининград қ.

Мазасыздықты қалай азайтуға болады: психологтың алты тексерілген кеңесі

Мазасыздық – бұл жағдайға бейімделуге, ол үшін жаңа ресурстар мен мүмкіндіктерді табуға мүмкіндік беретін табиғи процесс. Бұл психиканың күйзеліске қалыпты реакциясы. Жаңа мақаладағы ұсынымдар мазасыздық пен созылмалы күйзелістің дұрыс мөлшерін ажыратуға көмектеседі және тәжірибелі психологтың көмегімен сіз өзіңіздегі мазасыздық деңгейін өзіңіз төмендете аласыз.

Жоғары мазасыздық дегеніміз не

Сіз қобалжыған кезде, кездесу немесе презентация эмоционалды және сенімді бола бастайды, адамдар сіз үшін уайымдап, сіздің сөйлегеніңізді ұзақ уақыт есте сақтайды. Сонымен қатар, бұл көпшілік алдына шығуға сәтті

дайындықтың қажетті құрамдас бөлігі болып табылатын мазасыздықтың пайдалы бөлігі. Мазасыздықтың пайдалы бөлігі туралы айтатын болсақ, біз күйзелісті жағдайға табиғи реакция болып табылатын және тез өтетін мазасыздықты айтамыз. Мұндай күнделікті мазасыздық қауіпті емес: күйзеліс жағдайы шешіледі, адам күнделікті қалыпты әрекеттерге ауысып, тыныштала ды. Бірақ мына бір нәрсе бар – дененің қорын бірте-бірте сарқып, тұрақты гормондық көтерілуді тудыратын созылмалы күйзеліс. Мұндай күйзеліс уақыт өте келе адам төзгісіз тәжірибеге айналатын, адамның өмірін уландыратын және психосоматикалық бұзылуларды қоздыратын мазасыздықты тудыруы мүмкін.

Созылмалы мазасыздықты қалай анықтауға болады

Созылмалы мазасыздықты анықтау және алдын алу шараларын қолдану үшін оның белгілерін зерттеңіз:

1. Мазасыздықты жалпылау. Бұл қарапайым күнделікті жағдайлар (мысалы, үйдегілердің біреуі кешкі асқа кешігіп келді, немесе алдағы уақытта бастықпен болатын әңгіме) айқын дене көріністерімен ауыр мазасыздықты тудыратын жағдай: суық тер немесе діріл, күшті жүрек соғысы. Кәдімгі іскерлік телефон арқылы қоңырау соғу қажет болса, адам үрейленуі мүмкін. Кез келген жұмыс жағдайы қателік немесе дүрбелең қорқынышын тудыруы мүмкін.

2. Әлеуметтік фобияның белгілері. Адам өзіне аударылған кез келген назарға өте сезімтал болады, сынға шыдамайды, қабылданбаудан немесе мазақ болудан қорқады. Бұл уайым адамды басқа адамдармен қарым-қатынастан бас тартуға, әдеттегі өмір салтын өзгертуге мәжбүрлейді, өзін басқалардың «шамадан тыс» зейінінен оқшаулау сияқты. Күдік, басқа біреудің бағалауына тәуелділік және тұлғаның дамуына жағымсыз мінез-құлық үлгілері дамуы мүмкін.

ЕСКЕРЕ ЖҮРІҢІЗ

Әдетте, жоғары мазасыздық жалғыздықтан, денсаулыққа байланысты проблемалардан, қарым-қатынастардағы қақтығыстардан, жұмыстағы қиындықтардан туындайды. Өмір салты өте маңызды: цифрландыру, әрине, біздің өмірімізді ыңғайлы және жайлы етті, бірақ адамдар үшін оның құны – жоғары деңгейдегі күйзеліс пен жаңа қорқыныш.

Егер адам өзінің цифрлық өмірін саналы түрде реттесе (үнемі телефоннан үзіліс жасап, интернетте өткізетін уақытты реттесе, спортпен шұғылданса), мазасыздық деңгейі айтарлықтай төмендейді.

Өз бетінше мазасыздық деңгейін қалай төмендетуге болады

1-КЕҢЕС **Бұл жағдайға мән беріңіз**. Егер сіз көптеген жағдайларда ойыңыздан теріс сценарийді автоматты түрде өткізсеңіз, «оны қууға» тырыспаңыз. Керісінше – бұл жағдайды қалай жеңуге болатынын ойлаңыз, қандай әрекеттер қиын салдарды азайтуға көмектеседі. Осылайша сіз «қорқынышты» жағдайларда маңызды ештеңе жоқ екенін түсіне бастайсыз және мүмкін қиындықтарды жеңе аласыз.

2-КЕҢЕС **Денеге назар аударыңыз**. Физикалық белсенділікті арттыру алаңдаушылықты азайтады. Бұл әсіресе тұрақты жаттығуларға қатысты. Қозғалыс, билеу, жаяу жүру қанға эндорфиндердің бөлінуіне ықпал етеді. Ал бұл күйзеліске төзімділікті арттырады және көңіл-күйді жақсартады.

3-КЕҢЕС **Шығармашылықпен айналысыңыз**. Өзіңізге ұнайтын іспен айналысу ғана емес, сонымен қатар белгілі бір мәселені шешу және соған шоғырлану маңызды. Сізде өзіңізді мақтауға қосымша себеп бар.

4-КЕҢЕС **Телефоныңыздағы хабарландыруларды өшіріңіз**. Бұл күйгелектенудің қосымша себебі. Ең маңыздыларын ғана қалдырыңыз.

5-КЕҢЕС **Терең тыныс алыңыз**. Күйзеліс тыныс алуымызды өзгертеді. Ол үстірт және үзік-үзік болады. Терең тыныс алуды жаттықтыру күйзеліс пен мазасыздықты азайтады. Алаңдай бастағанда, терең және баяу дем алыңыз.

6-КЕҢЕС **Тыныңыз**. Шектеусіз асығыстық, өмір ырғағына ілесуге деген ұмтылыс ешнәрсеге уақытыңыз жоқ деген сезім тудырады. Көп тапсырма мазасыздықтың қарқындылығын арттырады. Тіпті жұмыс күні ішіндегі шағын, бірақ тұрақты үзілістер жағдайды жақсы жаққа өзгертеді.

Мазасыздық, қорқыныш, уайымдар адамның өмірін төзгісіз етеді. Мазасыздықты тоқтатып, өмір сүруді қалай бастау керек? Кеңестерді орындап, өмірден ләззат алыңыз.

А. Верещагина,
психология ғылымының докторы,
РХШ және МҚА Батыс филиалының
доценті, практик психолог,
Калининград қ.

Мазасыздық жағдайында өзін-өзі диагностикалауға арналған тест

«Мазасыздық жағдайында өзін-өзі диагностикалауға арналған тесттен өтіп, созылмалы мазасыздық жағдайымен жұмыс істеуге себеп бар ма, біліңіз.»

Мазасыздық жағдайында өзін-өзі диагностикалауға арналған сұрақтар

«*Мен уайымымды еңсере аламын ба, әлде оған күшім жетпей ме?*»

Шын мәнінде, бұл жай-күйлер арасындағы шекара бұлыңғыр. Оны табу үшін сарапшылар жеті сұраққа жауап беруді ұсынады:

1. Сіз өзіңізді үнемі уайымдап, ренжіп, ашуланып жүргендей сезінесіз бе, бұл сіздің үйреншікті күйіңізге айналып бара ма?
2. Мазасыздық жұмыс істеуге, оқуға, адамдармен араласуға, қарым-қатынас орнатуға кедергі келтіре ме?
3. Сізде қисынсыз қорқыныш бар (мысалы, сіз метроға түсуге қорқасыз), бірақ оны жеңе алмай жүрсіз бе?
4. Егер кейбір істер дұрыс жасалмаса (аяқ киімді сөреге қоймау немесе жұмыс күні басталмай тұрып азғантай рәсім жасау сияқты) апатты жағдай орын алуы мүмкін дегенге сенесіз бе?
5. Сіз қорқатындықтан үнемі болдырмауға тырысатын жағдайлар немесе әрекеттер бар ма?

6. Сізде өзіңізді басқара алмайтын кенеттен қатты дүрбелең пайда бола ма?

7. Әлем — сәл қателессең, алаяқтардың құрбаны болатын, ауырып қалатын, ақшаңыздан немесе жақын достарыңыздан айрылатын қауіпті жер деп ойлайсыз ба?

Тіпті бір «**иә**» деген жауап — бұл созылмалы мазасыздық жағдайымен жұмыс істеуге себеп. Ең дұрысы — психологтың кәсіби көмегіне жүгіну.

Құрметті оқырмандар, сіздерден «Кәсіби сергіту сәті» айдарының тақырыптарын жинақтауға тікелей атсалысуларыңызды сұраймыз. Идеяларыңыз бен тілектеріңізді мына мекенжай бойынша жібере аласыздар: 050009, Алматы қ., Шевченко көш., 165б/72г, Радостовец көш. қиыл., 712–кеңсе, немесе электрондық пошта бойынша: kadry.otk2@mcfr.kz, head.kadry@mcfr.kz, міндетті түрде айдарды көрсету қажет.

